

Толғаулы сауалға – тұшымды жауап

Аймақ басшысы журналистермен кездесті

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев журналистер қауымымен кездесіп, көпшіліктің көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді. Бүкпесіз әңгіме өрбіген кездесуде Теміртаудың жылу жүйесіндегі мәселе, Қарағандыдағы тұрғын үй құрылысы, көшені кезген бұралқы ит, қоғамдық көліктегі электронды төлем жүйесі және тағы да басқа тақырыптар қауалды.

Нұрканат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бірінші кезекте жылу мәселесі»

Кездесуді ашқан облыс әкімі кез келген сұраққа жауап беруге әзір екенін айтып, жиналғандарды бүкпесіз әңгімеге шақырды.

– Қазіргі уақытта күн тәртібіндегі маңызды міндеттер қатарында жылыту маусымының өту барысы және көктемгі су тасқынының алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру тұр. Бұл мәселелерге байланысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда, сіздердің тараптарыңыздан да үлкен көмек көрсетіліп отырғанын атап өткен жөн. Журналистердің дер кезінде жарық көретін шынайы материалдарының арқасында біз проблеманы уақыт жоғалтпай дөп басып, оң шешіп отырмыз. Сондықтан, бүгін де сіздермен емен-жарқын отырып, сұхбаттасқанды жөн көрдім, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Кездесуде алдымен қозғалған тақырыптың бірі Теміртаудың жылу жүйесіне қатысты болды. Расы керек, ел ішінде «Теміртау әкімдігі жылуудың шаруасын ысырып қойып, абаттандыру бағытында қомақты қаржы жұмсамақ» деген сөз бар...

Ашық дерек көздеріндегі мәліметке сүйенсек, құрыш қала әкімдігі биыл абаттандыру іс-шараларына ауқымды қаражат салмақшы. Самарқанд су қоймасының жағалауын көрікті күйге енгізіп,



жаңғырту жұмыстарын жүргізбек. Жоба екі жылға түзілген. Әкімдік құрылысты биыл бастауды жоспарлап отыр. Мердігерді анықтауға конкурс жарияланған. Бұл мақсатта 1,6 млрд. теңге жұмсалмақ.

Биыл Абай көшесінің бойындағы аллея да көркейе түседі. Аталған жоба да екі жыл ішінде жүзеге асуы тиіс. 529 млн. теңге қаражат салынбақ. Қазір мердігер белгілеу шаралары қолға алынды.

Сонымен қатар, биыл қалалық әкімдіктің алдындағы алаңқайда да қызу жұмыс басталады. Бұл шаруаға да 560 млн. теңге қаражат қажет. Екі жылда тәмамдалуы шарт жаңғырту жобасы аясында субұрқақтар жөнделеді. Жаңадан сәкілер қойылады. Бұдан бөлек, шаңғы жолы салы-

нады. Әзірге, жоспарда тұрған жолдың қалалық мешіт маңына төселетіні белгілі.

Дегенмен, жергілікті жұрттың аталған абаттандыру жобаларына наразылығы бар. Әлеуметтік желі-

жылу құбырларын, басқа да жұмыстарды кестеге сай жүргіземіз. Ал, абаттандыру жобаларына келсек, жылу мәселесін шешу қазір өткір тұр, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

мыны – желілдік қарастырылған карта. 46 800-і – зейнеткерлердің, 44,6 мыңы – балалардың қолында. 37,1 мыңнан астамы – әлеуметтік карта. Балаларға арналған карталар сатылымға шықты. Тегін жүру жобасы іске қосылғанда осы карталарды қолдануға болады.

Жобаға қалаішілік маршруттармен қатар, №№100, 107, 121, 122, 127, 146, 165 сынды қалаларалық



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

сетті. Бұған дейін қала маңындағы елді мекендерден тәулігіне 17-18 мың адам келетіні туралы мәлімет берілетін. Бірақ, қазіргі статистикаға жүгінсек, облыс орталығына күніне 18 мың емес, 30 мың адам кіретінін көріп отырмыз. Автопаркертер қомақты қаржыдан айырылып отырған. Күніне, шамамен, екі миллион теңге. Бұл қалаларалық тасымалдан ғана келтірілген шығын. Электронды төлем жүйесі қолданысқа енгелі тасымалдаушылардың табысы артты. Тиісінше, жүргізушілердің де жалақысы өсті. Мысалы, №3 автопарк жүргізушілерінің еңбекақысы 400 мың теңгеден кем емес. Миллион теңгеден артық жалақы алатындар да бар. Сондықтан, электронды төлем жүйесі есеп жүргізіп, бақылау жасауда тиімділігін көрсетті, – деді облыс әкімі.

«Тұрғындар келісімі қажет»

Қарағандыда ертеден тұрған шағын аудандардағы үйлер арасына сына қакқандай ғимарат тұрғызу беллең алып тұр. Тұрғындар тарапынан жні наразылықтуындап жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары да мәселеге оқтын-оқтын оралып тұрады. Алайда, құжаты түгел құрылыс компанияларына ешкімнің тісі батар емес. Кездесуде де «нүктелік құрылыс» проблемасы көтерілді. Әкім айтып өткендей, мұндай құрылыстар тұрғындардың келісімімен жүргізілуі шарт.

– Бізге құрылыс жүргізу неіеті мердігер келгенде міндетті түрде жакын маңайда тұратын тұрғындардан рұқсат алу қажеттігін ескертеміз.

➤ 2-бет

• ШЫМБАЙҒА БАТСА ДА, ШЫНДЫҚ

Көлшікке айналған көшелер

Жол мәселесі – күн тәртібіндегі күрмеуі шешілмеген күрделі мәселенің бірі. Шағын шаһарлардың бірі, туристер қаласы Балқаштың жол жағдайына тұрғындар алаңдаулы. Қар мен мұзға жасырылған жыртық-жамау кейпі көктем шыға қайта көрінді. Сапасы сын көтермейтін жолдың жыры бүгін-ертең бітпейтінін, әлеуметтік желі қолданушылары салып жатқан толассыз суреттер мен видеолардан бізге болады. Ал, өзіміз күнде көріп, жүріп жүрген Ағыбай батыр, Желтоқсан, Қазбеков, Әбуғалиев көшелеріндегі тасжолдың әбден тоз-тозы шыққан. Қаланың шеткі көше жолдарының жағдай тіпті мүшкіл. Көше көлге айналады. Көліктер жүзіп жүр. Бұл проблема Балқашта жаңбыр жауған сайын қайталанатын. Бірақ, оны онтайландыру жұмыстары әлі күнге дейін дұрыс шешімін тапқан жоқ.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындар, әсіресе, жауынды күндері қиналады. Жаяу жүрмек түгілі, көлікпен өтудің өзі мұңға айналған. Өйткені, қалада суағар арықтар жоқ. Кеңес заманында салынған жолдардың көбінде кәріз жүйесі мүлдем ескерілмеген. Жөнделген бол 1-2 жылға жетпей, ойдым-ойдым болып қалады. Бұл қалыпты жағдайға айналып барады. Оның үстіне, коммуналдық қызмет мамандары маусым сайын жолды бұзып, жылу, кәріз немесе су жүйесін жөндейді. Бірақ, кейін асфальтты қалпына келтірмейді.

Қоғам белсендісі, балқаштық такси жүргізушісі Ғабит Жақыпов бұл көрініс Балқаш қаласындағы жылдағы қайталанатын құбылыс екенін айтады.

– Көшеге асфальттың дұрыс төселмеуі, жолдардың қыстан кей-

ін жарамсыз болып қалуы – жергілікті билік пен мекеме қызметкерлерінің жауапкершілігіндегі дүние. Ал, республика деңгейіндегі жолдарды жақсартуға жоғары жақ мүдделі. Балқаш көшелеріндегі жолдардың сын көтермейтіндігін жылдар бойы айтып келеміз. Тіпті, кейбір көшелерді өз қаражатыма тегістеп, жамап, жөндеу жұмыстарын жүргіздім. Көктем мен күзде қала жолдары суға толады, ешқандай су ағар мен арық жасалмаған. Қар мен жаңбырдың суы ағатын арық болмаған соң, көшеде көлкіп, бір жылда асфальтталған жолдың астына сіңіп, талқанын шығармай ма? Осының бәрін біле тұра, арық қазудан, тазалаудан неге қашатынымызды түсінбей-ақ қойдым, – дейді Ғабит Жақыпов.

Бытыр Қазбеков көшесінде жеңіл көліктің алдыңғы доңғалығы ойылған жолға батып, көлігі сынған болатын. Одан бөлек,



Қоңырат шағын ауданында асфальттың сапасыздығы салдарынан автобустың қос доңғалағы батып, арнайы көлікпен сүйреп шығарғанын балқаштықтар жақсы біледі. Бұл жағдайдың биыл да қайталанбауына ешкім кепіл бола алмайды.

Сықыршыдай көз бояп, тендерді ұтып алғандар мен әкімдіктер жауырды жаба тоқып үйренген. Сапасыз жасалған жолдардың

мерзіміне жетпей құл-талқан болуын, ауа райының құбылуымен байланыстыра салатын болды. Тендерді ұтып, теңселіп жүрген компаниялар, жолдарды қабылдап алған жергілікті биліктегілер ауа райына қарап бал ашатынды шығарды. Жолдың жағдайын, су көлкіп тұрған көшелерді айтып әріптесіміз Қуаныш Аманқұлов өзінің желідегі парақшасына жазды. Ал, бұған жауап берген Балқаш



қаласы әкімдігінің Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында берген жауабы мынадай:

«2023 жылғы 3 наурызда сыртқы ауа температурасының + 5°C дейін күрт көтерілуі нәтижесінде Ағыбай батыр көшесіндегі («Береке» сауда кешені ауданы) автомобиль жолының учаскесінде еріген су жиналды.

Жалпы Балқаш қаласы бойынша нөсер жүйесі болмағандықтан, аталған учаскеде еріген суды агызу көріз дренаж жүйесі арқылы жүргізіледі. Алайда, үлкен көлемді ескере отырып, еріген суды кетіру ұзаққа созылды, бұл өз кезегінде автомобиль көлігінің қозғалы-

сына белгілі бір қолайсыздықтар туғызды. Сол күні сағат 23.00-дегі жағдай бойынша жүріс бөлігінен су толық көлемде бөлінді. Қазіргі уақытта жағдай тұрақты, су басу қаупі жоқ», – деп жазды Балқаш қаласы әкімдігі Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында.

Бұл кезде жалғыз Ағыбай батыр көшесі ғана емес, Желтоқсан, Әбуғалиев, Қазбеков көшелерінде көлдей судан көлік қозғалысы қиындаған болатын.

Қала басшысының есебіне сүйенсек, биыл шаһардағы бірнеше жолды жөндеу жоспарланған. Болашақта қала бойынша осындай жағдайдың туындау жағдайларын болдырмау мақсатында қазіргі уақытта қала әкімдігі нөсер жүйесін орнатуға жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу бойынша жұмыстарды жоспарлауда. Ол үшін бюджеттен қаржы қарастырылыпты.

Ал, дәрменсіз халық жолды жөндеу бойынша арыз-өтініштерді толассыз жолдауда. Құзырлы органдардың әрекетке көшуін қалайды. «Жол мұраты – жету» деген тәмсіл бар. Ол аз десеңіз, «Бір жол бар – алыс, алыс та болса жақын, тағы бір жол бар – жақын, жақында болса алыс» – дейді. Тура осы мақал бүгінгі қоғамға қаратып айтылғандай. Жыл сайын жасалатын асфальтталған көшелердің ай сайын тесіліп жататыны – көрер көзге сүйел. Жөнделер деген үміт болғанымен, «Баяғы жартас – сол жартас» болып отыр.

БАЛҚАШ



Мүмкіндіктер сараланған кездесу

Қарағанды облысына Канаданың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алан Хамсон келді. Дипломаттың ресми сапары мәдени миссиямен байланысты. Қарағандыда франкофондық кино апталығы өтіп жатыр, оның бағдарламасына француз тіліндегі канадалық фильм кірді. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесуде экономика, білім, спорт салаларындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Экономикасының негізі қара және түсті металлургия, тау-кен өнеркәсібі және машина жасау болып табылатын біздің өңіріміз индустриалды бағытта дамуда, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев. – 2022 жылы облыстың Канадамен сыртқы сауда айналымы 30 млн. АҚШ долларын құраған. Оның ішінде экспорт 3,4 млн. долларды еңсерді. Өңірде экономиканың әртүрлі салаларында: өңдеу және тау-кен өнеркәсібінде, саудада,

денсаулық сақтауда және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету салаларында алты бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.

Облыс шетелдік инвестицияларды тартуға мүдделі, деп атап өтті өңір басшысы. Ол канадалық компанияларға «Сарыарқа» және Саран арнайы экономикалық аймақтарының аумағында жобаларды іске асыруды ұсынды.

– Біз экономикалық қарым-қатынастарды дамыту бағытында үлкен әлеует бар деп санаймыз. Канада тау-кен саласында белсенді жұмыс істейді. Мысалы, Торон-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

Қазақстаннан келген үлкен делегация қатысады.

Елшінің пікірінше, «жасыл» экономиканы дамытуда, сондай-ақ, ғылым мен білім беруде ынтымақтастық мүмкіндіктері зор.

– Шынында да, біз «жасыл» экономика саласына жаңа технологияларды тартуға мүдделіміз. Бұл тұрғыда бір мәмілеге келер едік. Білімге келетін болсақ, біздің облыста еліміздің жетекші университеттері, соның ішінде техникалық университеттер табысты жұмыс атқаруда. Менің ойымша, бұл бағытта Канада университеттерімен байланыс орнатуға болады, – деп Ермағанбет Бөлекпаев идеяны қолдады.

Сонымен қатар, облыс әкімі балалар хоккейін дамыту бойынша бірлескен бірқатар бастамалар ұсынды.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жүрек тербеген жүздесу

Халықаралық әйелдер күніне орай Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев көпбалалы аналар мен өз саласында жетістікке жеткен әйелдермен жүздесті.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы шақырылғандар қатарында мұғалімдер мен дәрігерлер, мәдениет және спорт қайраткерлері, кәсіпкерлер, полиция қызметкерлері болды.

Өңір басшысы көпбалалы аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа», кәсіби салада жетістікке жеткен әйелдерге Алғыс хаттар табыстады.

– Бүгін облыстың барлық аудандары мен қалаларының, түрлі жастағы және түрлі кәсіп өкілдері, біздің қоғамда болып жатқан

ерекше алғыс айтқым келеді. Сіздер жас ұрпақты әрі тұтас ұлтты тәрбиелеп отырсыздар!

Қарағанды облысында «Алтын алқа» – 17 көпбалалы анаға, ал, 49 әйелге «Күміс алқа» табысталды.

Алтын алқа иелерінің бірі – Тамара Сезнева. Ол отбасында жеті бала тәрбиелеуде. Ең үлкен ұлы – 21 жаста, ал, ең кіші баласы – небәрі екі жарым жаста.

– Аналар қоғамда жауапкершілік арқалайды, себебі біз тәрбиелеп өсірген перзенттеріміз – тұтас елдің болашағы. Менің жеті балам бар. Олардың әрқайсысына уақыт

стағы автобус жүргізетін жалғыз әйел Мұңсыз Тілегеноваға ерекше назар аударды. Ол – 59 жаста. Жүргізушілік өтілі – 40 жыл. Соңғы тоғыз жыл бойы Мұңсыз Тілегенова Қарағандының № 3 автобус паркінде жұмыс істеп келеді.

– Мен көпбалалы отбасынан шыққанмын. Ақтөбеде дүниеге келдім. Менің ата-анам он қыз және үш ұл тәрбиелеп өсірді. 19 жасымда Ақтөбеде троллейбус жүргізушісіне оқыдым, содан бері жұмыс істеймін. Біз Қарағандыға көшкен кезде, жұмыс таба алмай-едім, мені кондуктор қызметіне алды. Содан кейін жүргізуші болып ауыстым. Мен өз жұмысымды,



жаңару үдерістеріне белсенді атсалысушылар жиналды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Атап өтетік, облыстық және аудандық мәслихаттар депутаттығына үміткерлердің 30 пайыздан астамы – әйелдер. Өлбетте, биліктің барлық тармақтарында әйелдер көп болғанын қалаймыз. Аналарымызға

пен көңіл бөлуге тырысамын, – дейді Тамара Сезнева. – Мемлекет көпбалалы отбасыларға қамқорлық жасайтынына ризамын. Менің балаларым оларға жүктелген сенімді ақтап, болашақта елдің игілігі үшін жұмыс істейді деп үміттенемін.

Кездесуде өңір басшысы облы-

сәресе ұжымымды жақсы көремін.

Өңір әйелдерімен мерекелік кездесу Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Әйелдің қоғамдағы рөлі айқын

Әйелдің қоғамдағы алар орны қашан да манызды. Сонау отбасынан басталатын құндылықтан бері қарай жалғасатын мемлекет мүддесінде де орны алабытын. Біздің ел бұл орайда жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Гендерлік саясат аясында қыз-келіншектер қоғамға орасан зор үлес қосуда. Сол арқылы елдің ұйытқысына айналды.

«Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – әйелдерге ұдайы қолдау көрсету, олардың дамуына жан-жақты жағдай жасау. 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының мәні ерекше. Бұл маңызды құжат осы бағыттағы жұмысымызға айрықша серпін беріп отыр. Еліміздегі әйелдер қауымы мемлекеттік қолдау шараларын мейлінше ширақ пайдалануда. Бүгінгі таңда жеке кәсібін дөңселетіп, табысқа жеткен аруларымыз аз емес. Шағын және орта бизнесті меңгерген қыз-келіншектер де көп. Соның айқын көрінісі – қазіргі індеттен кейінгі дағдарысқа қарамастан, елімізде әйелдер қауымының экономикадағы рөлі артууда. Іскер аруларымыздың арқасында 1 миллионнан астам азаматымыз тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. ХХІ ғасырда әйел, бір жағынан, сұлулық пен ізгіліктің бейнесі болса, екінші жағынан, тұтас еліміздің дамуына ұйытқы болып отыр», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қоғамды қалыптастырудағы әйелдің рөлі анық та айқын. Бұл бағытта заңнамалық негіздер де арнайы қарастырылған. Мәселен, заңнама шығарушы ұйымдарда әйелдердің үлесі 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Бұл дегеніміз, зор серпін. Оның үстіне гендерлік саясат, әйелдердің қоғамдағы орны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұдайы назарында.

Сондықтан да, жалпы, қоғамдағы әйелдің белсенділігі осы күні аса жоғары деуге әбден негіз бар. Соның жарқын дәлеліндей олар әр салада еңбек етуде. Соның ішінде, кәсіпкерлікте де үлес салмағы басым. Өзіміздің өңірде де кәсіпкерлікті ұршықша иірген




қыз-келіншектер жетерлік.

Егер ден қоя қарасақ, әйел адамдар осы күні өздеріне тән ғана адамдар осы күні өздеріне тән ғана бағдарларды меңгерді деуге әсте келмейді. Олар өнеркәсіпте де, құрылыста да, сәулетте де ермен бірдей тер төгіп жүр. Кәсіпкерлікте шағын және орта бизнесте қолтаңбаларын қалдыруда. Атап айтқанда, ойын-сауықтық бұқаралық шараларда, сәулулық индустриясында, қоғамдық тамақтан-дыру, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында әйел адамдардың бизнесі қанат жайды.

Бұдан бөлек, қоғамдық өмірдегі барлығы дерлік үкіметтік емес ұйымдар осы жолы жіңішке қауымның мұрындық болуымен дүниеге келген ұйымдар екенін атап өткен ләзім. Яғни, қоғамдық институттарды қалыптастыруда әйел затының үлесі айтарлықтай. Тіпті, құқық қорғау, төтенше жағдай қызметінде қыз-келіншектер Отанға қызмет жасауда. Қаншама қоғам қайраткерлері бар.

Еліміздің ертеңіне қатысты тарихи сындарлы сәттерде де олар бұғып қалмағанын көреміз. Атап айтсақ, кейінгі уақытта реформаға ұшырап, халықтың көңілінен



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

шыққан сайлау науқанына әйелдер белсенді қатысуда. Соның нәтижесінде бүгінде олар үміткерлер қатарынан табылып отыр. Осындай мысалдарға қарап-ақ әйелдің қоғамдағы салмағы туралы ой түюге болатындай. Негізі, бүгінде саясатта 30 жастан асқан әйелдердің үлесі де артқан. Мемлекеттік қызметте де олардың қарасы көп. Квазимемлекеттік секторларда да ел экономикасын дамытуда. Бұл – қуанарлық жағдай.

Қазақстандағы отбасы құндылықтарын сақтау және оны өрбітуде әйел адамның орнын ешкім алмастыра алмақ емес. Сол себепті, олардың бала тәрбиесінде, отбасын дамытудағы мәні жөнінде ежіктеп жатулы өзін артық.

Сонау қиын-қыстау жылдарда елдің еңсесін көтеруге атсалысудан бастап, бүгінгідей әлемге танылып, бәсекеге барынша қабілетті мемлекет болуға ұмтылып отырған заманда да әйелдер қауымының қосқан үлесі өлшеусіз екенін барша жұрт мойындайды. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшеленіп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде. Мұның баршасына елдегі реформалар ықпал еткенін атауға тиіспіз.

Айжан ҚИЯСОВА,
Қарағанды қалалық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары

Толғаулы сауалға – тұшымды жауап

Аймақ басшысы журналистермен кездесті

(Соны. Басы 1-бетте)
Құрылыс ұйымы басшылығы елмен кездесіп, жиындар өткізуге міндетті. Яғни, тұрғындар келісімі қажет. Алайда, кейбір мердігер бұл міндеттемеге жүрдім-бардым қарайды. Олардың ойынша, жерді сатып алды, болды. Ешкім қарсы келмейді. Мұндай мысал қалада жеткілікті. Мәселен, көп жылдар бұрын болған оқиғаны айтайын, облыстық бейнелеу өнері музейі алдындағы алаңды кәсіпкер сатып алған. Содан кейін әлгі жерге сауда орталығын тұрғызды. Болары болып, бояуы сіңіп кеткен істі қайта қайтару оңай емес. Дегенмен, мен қала әкіміне бұл сипаттағы проблемалардың қайталанбауы үшін тапсырма беремін, – деді облыс әкімі.

«Ешбір мәселе ескерусіз қалмайды»
Қалалық жерде тұратын жерлерімізді мазалап жүрген мәселелер

қатарында көшедегі аудиожарнама да бар. Нақты айтқанда, дыбыс зорайтқыштар дауысының қатты шығып тұруы – жүргіншінің мазасын қашырады. Айта кетейік, дыбыс зорайтқыштардың басым бөлігі – қоғамдық орындарда орналасқан. Сауда орталықтарының маңында, аялдамаларда, базарларда орын тепкен.

Қарағандылықтар аудиожарнамаларға қатысты осы уақытқа дейін сан мәрте шағым білдірді. Төрт жыл бұрын қала әкімдігі бизнес өкілдерімен келіссөз жүргізіп, келісімге келді. Нәтижесінде, «Абзал», «Юбилейный», «Грандстор» сауда орталықтары, 45-ші орам аялдамасындағы құрылғылар өшірілді. Алайда, кейінгі кезде дыбыс зорайтқыштарға қайта «тіл бітті».

Ермағанбет Қабдулаұлы мәселемен жақсы таныс екенін айтты.

– Біз заңнамаға дауыс деңгейін төмендету бойынша өзгеріс енгізу-

ге тырыстық. Алайда, ұсынысымыз қабылданбады. Аталған проблемаларды зорайтқыштардың, LED-экрандардың қожайындарының жауапкершілігіне арқа сүйеуіміз керек. Кәсіпкерлер тұрғындар шағымына түсіністіктен қарауы қажет деп ойлаймын. Мәселеге қатысты жұмыс жалғаса береді. Бизнес өкілдерімен, құзырлы органдармен әлі кездесеміз, – деді аймақ басшысы.

Ескеретін бір жайт, дыбыс зорайтқыштарына қала тұрғындары да шара қолдана алады. Аудиожарнаманың дыбысының деңгейін өлшеп, аймақтық санитарлық-эпидемиологиялық басқармаға жеткізсе, болғаны. Егер, басқарма қызметкерлері дыбыс көрсеткіші белгіленген межелден асып кеткенін анықтаса, істі сотқа тапсырады.

Сондай-ақ, кісіге, төрт түлікке қауіп төндіріп тұрған бұралқы ит мәселесіне де қатысты сөз қозғалды.

Облыс әкімі барлық мәселе заң аясында шешілетінін мәлімдеді. Жергілікті атқарушы билік, ветеринария саласының қызметкерлері заңнан аттап кете алмайды. Бүгінде иттерге арналған панажайлар ұйымдастыру іс-шаралары ойластырылуда.

Кездесуде көтерілген тақырыптар бағыты сан алуан. Бастысы – ешбір сауал назардан тыс қалмады. Түйіні күрмеулі мәселелер шешілетіні белгілі болды. Аймақ басшысы да қалам ұстаған қауыммен кездесіп тұруға уәде берді.

– Бұл кездесуде қозғалған ешбір мәселе ескерусіз қалмайды. Иле-геміміз бір терінің пұшпағы. Халықпен ұдайы байланыста жүресіздер. Сол себепті, сіздермен де көпке сөзбай, жиі-жиі кездесіп тұруға тырысамын, – деді облыс әкімі.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жедел жәрдем станциясы ашылды

Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аймақта іргелі іс-шаралар атқарылуда. Мәселен, Бұқар жырау ауданының, Доскей ауылында жедел жәрдем станциясы ашылды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі бөлмелі медициналық пункт дәрігерлік амбулатория ғимаратында орналасқан. Бөлімше дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықпен жабдықталып, фельдшер және жүргізуші жұмыс істейді. Сонымен қатар, бригада қарамағында қонырауларды қабылдайтын планшет орнатылды.

Бұған дейін Доскей ауылы тұрғындары 50 шақырым жерде орналасқан аудандық аурухананың жедел жәрдем көлігін шақыратын. Ал, жаңа жедел жәрдем станциясының ашылуы жедел медициналық көмек-

ке мұқтаж ауыл тұрғындарының мәселесін шешті. Аталмыш станция көршілес Қарақұдық, Көпекті, Үштөбе, Құрылыс, Новостройка, Сарыарқа ауылдарының тұрғындарына да қызмет көрсетеді.

Жедел жәрдем қызметін әдеттегідей 103 телефон арқылы пайдалануға болады. Алғашында, облыстық жедел жәрдем қызметінің диспетчері қонырауды қабылдап, Ботақара ауылындағы жедел жәрдем станциясына бағыттайды. Одан кейін аудандық жедел жәрдем станциясының диспетчері хабарламаны Доскейге береді. Бұл тізбек бір минуттан аз уақытында жүзеге асады.

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына №2 сайлау округі бойынша «Amanat» партиясынан кандидат

Өмірбаян

Мен, Бейбіт Сабырұлы Досжанов, 1965 жылы 25 мамырда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келдім, ұлт-тым қазақ.

1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Интерстройсервис и К» ЖШС («Строй-март» дүкендер желісі) бас директоры қызметін атқарып отырмын.

«Аманат» партиясының мүшесімін. Қарағанды қалалық мәслихатының V (2012-2016), VI шақырылымының (2016-2021) депутаттығына, Қарағанды облыстық мәслихатының VII шақырылымының (2021-2023) депутаты болып сайландым. Қарағанды облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің мүшесімін (2020 жылдан бастап)

Үйленгенмін, үш бала тәрбиелеп отырмын.

Менің ірі компанияны басқарғандағы кәсіби қызметім облыс өміріне тікелей қатысумен байланысты. Сондықтан, облыстық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсына отырып, мен облыстың проблемалық мәселелерін нақты білемін және оларды жүйелі және тиімді шешу үшін көпжылдық депутаттық тәжірибені пайдалануға ниеттімін деп



сеніммен айта аламын.

Өзімнің сайлауалды науқанымның негізіне келесі бағыттарды қойдым:

1. Азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғау

Мен өз сайлаушыларымның барлық мәселелерін зерттеуге салмақты және тиянақты қарауға міндеттенемін. Заңнама аясында азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғайтын боламын.

2.Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау

Мен халықтың әлеуметтік жағынан ең қорғалмаған бөлігінің – зейнеткерлердің, мүгедектердің, жетімдердің, көп балалы аналар, тыл еңбеккерлерінің өмірлік маңызды мүдделерін қорғаймын және олардың құқықтарының қатаң сақталуын талап етемін. Біздер, депутаттар, соны қажет ететіндердің сөзін жеткізуіміз керек.

3. Инфрақұрылымды жақсарту

Облыстың инфрақұрылымын жақсартуға қаржы ресурстарын ертерек бөлуге, атап айтқанда, жол желісін уақытылы және сапалы жөндеуге күш салатын боламын.

Облысымыз жыл сайын тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыруда, бұл өз кезегінде қала немесе жекелеген аудандар тұрғындарының санын көбейтуде, инфрақұрылымға жүктеме де артады, сондықтан мен бұл мәселені басым бағыттардың бірі деп санаймын.

Сайлау округінің басым мәселелері бойынша жоспарланған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында сайлау күні мені қолдауларыңызды сұраймын.

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

Мира Атамалқызы МАХАТЧИНА

№7 сайлау округі бойынша Қарағанды облыстық мәслихат депутаттығына кандидат

Бойыма дала сырын сіңіріп, ауылда өстім.16 жасымда «мамандық иесі боламын» деген асқақ арман жетелеп, қалаға оқуға келдім. Білімім – жоғары, әр сала бойынша. Маман иесі атанғаннан бергі еңбек жолым Қарағанды өңірімен тығыз байланысты.

Құрметті жерлестер!

Мен сайлауалды бағдарламамды құрғанда өмірлік және кәсіби тәжірибемді, «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын, бастысы – әлеуметтік саясат жүргізудегі базалық алғышарттарын басшылыққа алдым.

Өмірлік ұстанымым – әділдік пен ашықтық. Осы өмір бойы жетелеп келе жатқан ұстанымдарымды негізге алып, бағдарламамды жалпы аймақты дамыту арқылы тұрғындардың лайықты өмір сүру деңгейін арттыруға, әлеуметтік қауіпсіздікті, оның ішінде балаларымыздың қауіпсіздігін және жастардың болашаққа қорқынышсыз қарау мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағыттадым.



Сайлауалды бағдарламам үш негізгі басым бағыты топтастырады. Олар – **Сапа. Даму. Қолдау.**

Бірінші басымдық: экология, білім беру, медицина, құрылыс салаларының сапасы.

Екінші басымдық: инфрақұрылымды, кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығын, тұрғын үй қолжетімділігін дамыту.

Үшінші басымдық: қарт адамдарды, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды, көп балалы және аз қамтылған отбасыларды, жастарды қолдау.

Осы бағыттарды іске асыру үшін халықтың барлық топтарының мүдделерін білдірумен қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет ете отырып, Сіздердің үміттеріңізге сәйкес келу үшін барлық қажетті шараларды қолдану – мақсатым. Бұл үшін бізде қажетті ресурстар, саяси – еңбек тәжірибе де бар.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді барлық мақсаттарды жүзеге асыру үшін 2023 жылдың 19 наурызында өтетін сайлауда таңдау жасап, бірге болуға шақырамын.

Алдағы уақытта да өз сайлаушыларымның алдында ашықтық пен әділдік қағидатына адал болуды міндетім деп санаймын.

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Мен, Арман Қобыландыұлы Қалыков 1973 жылдың 31 қаңтарында Ақмола облысының Ақсу кенішінде дүниеге келдім.

1980 жылдан бастап 1988 жылға дейін Шахтинск қаласындағы №3 орта мектепте білім алып, одан кейін Абай тау-кен техникумына түстім.

Өзімнің еңбек жолымды 1991 жылы «Ленин атындағы» шахтаның №3 учаскесінде жерасты тау-кен жұмысшысы болып бастадым.

1998 жылы Қарағанды политехникалық институтын тәмамдап, тау-кен инженері дипломын алдым.

Жерасты тау-кен жұмысшысынан көмір департаментінің директорына дейін ұзақ еңбек жолын жүріп өттім.

Шахтинск қалалық мәслихатының 4 және 5 шақырылымдағы, Қарағанды облыстық мәслихатының 6 және 7 шақырылымдағы депутаты, шағын және орта бизнесті дамыту, өнеркәсіп, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі болдым. Мен «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасарымын.

Үйленгем, үш балам бар.

Құрметті жерлестер!

Мен өңірдегі тұрғындардың, оның ішінде негізінен кеншілер мен металлургия өзекті мәселелерін жақсы білемін. Студенттік шақтан бастап менің бүкіл өмірім ауыр және зиянды өндіріспен үздіксіз байланысты.

Халық қалаулысы ретіндегі басты міндетім-азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсарту, олардың мүдделерін қорғау деп санаймын. Сондықтан, өз бағдарламамда өңірдің экономикалық дамуына және әлеуметтік саладағы сапалы жақсартуларға, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға басты назар аударуға тырысамын.

Менің сайлауалды бағдарламамның негізінде – Шахтинск қалалық және Қарағанды облыстық мәслихаттарының депутаты болып жұмыс істеген және көмір өнеркәсібіндегі кәсіби қызметім кезіндегі жинақталған өмірлік және өндірістік тәжірибем мен өңіріміздің тұрғындары жеткізген проблемалары және ұсыныстары бар.

Жан-жақты әлеуетке ие бола отырып, мен **қарағандылықтардың** күлденген, қауіпсіз, күшті және әділ



Қазақстанды құруға бағытталған идеялары мен міндеттерін іске асыруға дайын екеніне сенімдімін!

Мен өңіріміздің негізгі мәселелерін өзін жақсы білемін және оларды шешу үшін жүйелі түрде жұмыс істеуге дайынмын.

Менің басымдықтарым:

Жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың табысын арттыру
Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тежеу

Кәсіпкерлерді қолдау
Түрлізді дамыту
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

Автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту

Сапалы сумен және орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету

Сапалы білім беру үшін жағдай жасау

Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру

Бұқаралық спортты дамыту

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсету: (Қарағанды облысында ерекше қажеттіліктері бар адамдар саны 57,7 мың адамды құрайды).

Жастарды қолдау

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Бұл Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған жағдайда, менің іске асыруға ниет білдірген негізгі міндеттерім. Өрине, күнделікті өмірде әрқайсымызда әртүрлі мәселелер туындауы мүмкін. Егер біз оларды бірігіп қолға алсақ, шешімін табамыз. Менің өмірлік ұстанымым: «Мен әрқашан халықпен біргемін!».

Құрметпен, Арман Қалықов!

Материал Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының сайлауында бір мандатты кандидат А.Қалықовтың сайлау қорының қаражатынан төленді

АХМЕТОВ АЗАМАТ АХМЕТОВИЧ

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына №14 сайлау округі бойынша өзін ұсынушы

Өмірбаян

Жасы: 35 жаста

Отбасылық жағдайы: үйленген, қызы бар.

Білімі: Орта – №66 мектеп, жоғары – құқықтық ҚарГУ Бөкетов, Қарағанды «Болашақ» академиясы.

Кәсіпкер, құрылыс компаниясының басшысы.

Менің бағдарламам үш негізгі блокқа бөлінген:

1. КОММУНАЛДЫҚ БЛОК

– Проблемалық учаскелерді, орталық коммуникациялар мен ішкі желілердің жай-күйін анықтау.

– Ауалар мен іргелес аумақты абаттандыру, жарықтандыру, қоғалдандыру жағдайын бағалау. Абаттандыруға және жұмыстар мен бағдарламаларды орындауға қаражат бөлулі бақылауды күшейту.

– Округ бойынша тұрғын үй қорының өміршендігін тексеру үшін жұмыс топтарын құру.

– МИБ – жұмыс принциптерін түсіндіру, ТКШ-ны тиімді ұстауды ұйымдастыруға көмектесу. Сервисті басқаруда цифрлық технологияларды енгізу.



2. ӘЛЕУМЕТТІК БЛОК

– Балалар мен ересектерге арналған білім беру, мәдени, спорттық сабақтар;

– Жастарды қолдау;

– Округтегі проблемалық қараусыз қалған құрылыстарды анықтау және оларды халықтың әлеуметтік қажеттіліктері үшін, аула және аудандық клубтар, демалыс және ағарту орталықтары және т. б. мақсаттар қайта жаб-

дықтауға қол жеткізу.

– Мемлекеттік объектілерді, инфрақұрылымды және абаттандыруды салуға бюджет қаражатын бөлуге байланысты мемлекеттік сатып алуларда бақылау жасау;

– Кәсіптік бағдарлауды, қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға одан әрі көмек көрсету;

– Қазақ тілін, мәдениетін және тарихын зерделеу бойынша тегін курстар ұйымдастыру;

– Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, жергілікті атқарушы билік пен халық арасындағы белсенді өзара іс-әрекетті ұйымдастыру.

3. БИЗНЕС БЛОК

– Кәсіпкерлік қызметті, бизнес консультацияларды дамытуды ұйымдастыруға қолдау көрсету және көмек көрсету;

– Стартаптарды дамыту, демеушілерді тарту, бизнес-менесті дамыту үшін «халық-шағын-мемлекет» қағидаты бойынша өзара іс-әрекет алаңдарын ұйымдастыру;

– Азаматтарды қаржылық және құқықтық сауаттылықта оқытуды ұйымдастыру.

Республикалық бюджет қаражатынан төленген

• РЕСМИ

400-ге жуық бақылаушы келеді

Қазақстандағы сайлауға ЕҚЫҰ-дан 400-ге жуық бақылаушы келеді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко айтты.

«Алдағы парламенттік сайлауды бақылау үшін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымынан Қазақстанға 400-ге жуық бақылаушы келеді. Бұл халықаралық бақылаушылардың ең үлкен миссиясы болмақ. Өткен аптада ЕҚЫҰ Миссиясының аралық есебі жарияланып, халықаралық сарапшылар Қазақстанда жү-


зеге асырылып жатқан сайлау жүйесінің реформасына оң баға берді», – деді Р.Василенко.

Оның айтуынша, Қазақстандағы сайлауға ЕҚЫҰ-дан бірқатар жоғары лауазымды тұлғалар келеді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ/ДИ-АҚБ бақылаушылар миссиясын ирландиялық саясаткер Оуэн Мерфи басқарады. ЕҚЫҰ та-

рапынан мұндай назар Қазақстанның осы ұйыммен белсенді және мақсатты жұмысының жақсы нәтижесі екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ, спикер ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы сайлауға назар аударуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен және жүзеге асырылып жатқан Қазақстандағы ауқымды реформаларға халықаралық қоғамдастықтың зор қызығушылық пен қолдаудың дәлелі екенін атап өтті.

Өз тілшімізден





● СЕМИНАР

Сайлауға дайындық талапқа сай ма?

19 наурызда еліміз бойынша 12 032 550 сайлаушы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын таңдайды. Бұл жолғы сайлау өзге сайлаулармен салыстырғанда, өзгеше болатынын Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) мүшелері де айтуда. Кезектен тыс сайлауға дайындық барысын пысықтап, өткізу мәселелері бойынша облыста семинар-кеңес өткізген ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров пен ОСК мүшесі Сәбила Мұстафина осылай дейді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Себебі, Қазақстанның Тәуелсіздік тарихында дәл осындай сайлау сегізінші рет өткізілмек. Ата Заңға енгізілген өзгерістерге байланысты бұл процедура бәсекеге қабілетті бола түскен. Біріншіден, жаңа шақырылымдағы Мәжіліс депутаттарының саны Қазақстан Халқы Ассамблеясының квотасын Мәжілістен Сенатқа ауыстыруына байланысты 107-ден 98-ге дейін азаяды. Екіншіден, аралас жүйе бойынша 98 депутат сайланады. Яғни, 69 депутат партиялық тізімдер бойынша Мәжіліске, ал, 29 депутат бір мандаттық округтер бойынша өтеді. Осылайша, палатадағы орынның 30 пайызын өзін-өзі ұсынушылар алады.

Бәсекелестік демекші, Константин Петров та бәсекелестік басым екенін айтып отыр. Мәселен, еліміз бойынша 29 округ болса, 609 кандидат өзін-өзі ұсынған. Яғни, бір мандатқа – 21 кандидаттан.

– Ең көп үміткерлер Астана және Алматы қалаларында тіркелді. Бір мандатқа – 21 кандидаттан. Ал, өзге өңірлерде бұл көрсеткіш біршама төмен. Атап айтар болса, бір орынға 5-тен 15 кандидатқа дейін, – дейді Константин Викторович.

Бұған дейін қазақстандықтар Мәжілісте жиналған дауыстарға пропорционалды

мандаттар санын алған саяси партияларға ғана дауыс беріп келген болатын. Кандидаттардың қайсысы Парламентке баратынын партия басшылығы шешті. Енді, өзін-өзі ұсынушылар да сайлауға түсетіндіктен, өз округінде көпшілік дауысқа ие болған адам жеңеді. Осылайша, партиялардан бөлек, партиялық емес тәуелсіз кандидаттар да сайлауға қатысып, жеңіске жете алады.

Сайлаудың тағы бір ерекшелігі – сайлаушылар «бөріне қарсымын» деп дауыс бере алатындығында. Егер, өзін-өзі ұсынушылардың аты-жөні жазылған бюллетеньдерде «бөріне қарсымын» көп дауыс жинаса, онда кандидаттар ішінде ең көп дауыс жинағаны депутаттыққа өтеді.

Константин Петров дәл бұндай сайлау бұрын өтпегенін деп айтудың бір себебі – бір сайлаушыға 5 бюллетень берілетіндігімен түсіндіреді. Тіпті, «Неге 5 бюллетень?», «бір бюллетеньге қанша адамның аты-жөні енгізіледі?» деген сұрақтарға жауап беру қиынға түскенін айтады.

– Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлаудың ерекшеліктерін, сондай-ақ, жекелеген сайлау округтері бойынша жоғары бәсекелестікті ескере отырып, осы науқанға сайлау бюллетеньдерінің әртүрлі түрлері бойынша Орталық сайлау комиссиясының жекелеген шешімдерін қабылдау ұсынылды – дейді



Сәбила Мұстафина.

Орталық сайлау комиссиясы мақұлдаған бюллетень түрлеріне тоқталар болсақ, олар бес түрлі. Яғни, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру үшін көк түсті, бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау бойынша жасыл түсті, партиялық тізімдер бойынша сайланатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың мәслихаттары депутаттарын сайлау бойынша күлгін түсті, бір мандатты аумақтық сайлау округтері қызғылт сары түсті, сондай-ақ, бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар мәслихаттарының кандидаттары сұр түсті бюллетеньдерде белгіленеді.

Бұл ретте сұр түсті бюллетень Астана, Алматы және Шымкент сайлаушыларына

арналмаған. Бұл қалалардың тұрғындары тек төрт бюллетень алады.

Константин Петров ұлттық байқаушылардың қызметіне де тоқталды. Олардың құрамы 2019 жылы қалыптастырылған. Байқаушылардың белсенділігі сайлаудың ашықтығын қамтамасыз етіп, Орталық сайлау комиссиясының жұмысына кәсіби мониторинг жасауға мүмкіндік бермек.

– Бұған дейін қоғамдық ұйымдардың мүдделерін білдірген бірқатар ұлттық байқаушылардың дені бұған дейін сайлау дегеннің не екенін білмейтіндер болды. Енді жаңа заң бойынша байқауға қоғамдық ұйымдар ғана қатыса алады. Бұл ретте олардың Жарғысында кәсіби түрде сайлау процесіне мониторинг жүргізе алатындары жазылуы тиіс. Яғни, қоғамдық ұйым өзінің байқаушыларын алдын ала дайындықтан өткізуге міндетті. Бұл сайлау күні кәсіби мониторингтік корпус болуы үшін жасалған.

Әрбір ана перзентімен ардақты

Бұл заманда көп ішінде көпбалалы аналарды көрсек, таңдайымыз тақ ете қалатыны рас. Нарықтың ноктасын киген әрқайсымыздың көкірегімізде «оларды қалай асырайды» деген «қалыпты» сауал қылан береді. Сәлден соң «қой егіз туса, шөптің басы айыр өседі» деп өзімізді өзіміз жұбатып қоямыз. Ал, шынтауайтында ше? Шындығында бәрі біз ойлағаннан өзгереді. Баланы табу бір басқа да, бағу бір бөлек.

Соңғы кезде көпбалалы аналарға мемлекеттік қолдау да айқын сезіліп келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Көпбалалы аналардың жағдайы – әлеуметтік саланың барометрі. Дені сау анадан дені сау ұрпақ туады. Сапалы медициналық көмек, лайықты білім алған баладан отанышыл, мықты азамат шығады. Яғни, адам капиталын дамыту аналардың әлеуметтік жағдайын жақсартумен тікелей байланысты. Аналарымыз отбасының ғана емес, қоғамның да ұйытқысы екенін ұмытпауымыз керек», – деп ерекше атап өткен болатын. Ал, олай болса, бұл күнгі көпбалалы аналарды аялай алып жүрміз бе? Көпбалалы аналардың әлеуметтік мәселелері тиісті шешімін тауып жүр ме? Осы сынды бірқатар сауалдарға жауапты бірге іздеп көрсек...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отбасын қолдаудың ұлттық моделі

Президент те – ананың перзенті. Мемлекет басшысы аналарды әлеуметтік қолдау саясатын тейірмекші етті. Мұны тіптен ұлттық қауіпсіздік пен генофондымыздың реформасы, демографиялық бағдарымыздың басты басымдығы деп бекітті. 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында да аналардың жағдайына, көпбалалы және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдауға баса мән берді. 2 пайыздық мөлшерлемесмен, 10 пайыздық алғашқы жарнамен жеңілдетілген ипотека беруді қарастыратын жаңа «Бақытты отбасы» бағдарламасын қолға алуды нықтап тапсырды. Үкіметті «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, көпбалалы аналарды микро және шағын бизнеске жұмылдыратын, соның ішінде үй жағдайында кәсіппен айналысатын үйбікелерді қамтитын арнайы бағдарлама әзірлеуге шақырды. Кейінгі Жолдаулары мен тапсырмаларында бұл мәселеге басымдық беріп, жауаптыларға жаңа міндеттер жүктелді.

Нәтиже де жоқ емес. Бүгінде алтын құрсақты аналар саны екі есеге өскен. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, 2023 жылғы қаңтар айындағы жағдай бойынша елдегі көпбалалы отбасылардың саны 532,6 мыңға жеткен. Оларға биылғы алғашқы айда бюджеттен мемлекеттік жәрдемақы түрінде 33,1 миллиард теңге төленді. Тұтас алғанда, министрліктің мәліметінше, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап көпбалалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақы көлемі 8,5 пайызға артты.

Қазір елде көпбалалы отбасыларды қолдаудың ұлттық моделі түзілді. Қолдау шараларының негізгілеріне тоқталып кеткен маңызды. Тоқаевтың бастамасымен жұмыс істейтін аналар бала күтімімен демалыста болған кезде оның зейнетақы жарналарын мемлекет бюджеттен аударады. Осының арқасында аналардың зейнетақы жинағы арта береді. Президент бастамасымен 2020 жылғы 1 қаңтардан аз қамтылған отбасылардағы 1-ден 18 жасқа дейінгі балаларға кепілдендірілген әлеуметтік топтама енгізілді. Бұл отбасылардың балалары мектепте тегін тамақтандырылады. Аналар жұмыс істей алуы үшін республикада 2022 жылы 37,7 мың бүлдіршінге арналған 453 жаңа ба-

лабақша ашылды. Осының арқасында 3-тен 6 жасқа дейінгі балдырғандарды балабақшамен қамту көрсеткіші 98,4 пайызға жеткен. Бұдан бөлек, 2022 жылғы 10 желтоқсандағы жағдай бойынша бытыр 106 мың оқушыға арналған 201 жаңа мектеп шәкірттерге есігін айқара ашты. Президент тапсырмасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін жаңа 402 мектепте 842 мың баланың заманауи озық білім алуына жағдай жасалады. Енді Үкімет шараларына қайырылып қойсақ.

Жәрдемақы мөлшері көтерсе екен есені

Мемлекеттік бюджет қалтасынан дүние-ге сәби туғанда берілетін бәсіресі бар. Ол

дейінгі ай сайын төленетін жәрдемақының көлемі де едәуір артты. Тұңғышқа – 19 872 теңге. Екінші балаға – 23 495 теңге. Үшіншіге – 27 083 теңге. Төртінші немесе одан көп балаға 30 705 теңгеге дейін жетеді.

Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері биыл төмендегідей өзгерді. Төрт балалы анаға – 16,03 АЕК немесе 55 303 теңге. Бес балалы анаға – 20,04 АЕК яки 69 138 теңге. Алты балалы ана үшін – 24,05 АЕК немесе 82 972 теңге төленбек. Жеті балалы анаға – 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге. Сегіз баласы бар ана үшін – 32 АЕК немесе 110 400 теңге тиесілі.

Жәрдемақыны рәсімдеу үшін өтініш жазылады. Содан кейін, құжаттарды Халыққа қызмет көрсету орталығына апарып беру шарт. Жәрдемақы алуға өтінішті

сталған аналардың жәрдемақысы 6,4 АЕК-тен 7,4 АЕК-ке дейін ұлғаяды. Оларға енді ай сайын 25 530 теңге төленеді.

Ерекше ордендермен марапатталған көпбалалы аналар мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй алуға бірінші болып кезекке тұра алады. «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар көлік құралдарына, жер учаскелері бойынша, жеке тұлғалардың мүлкіне нотариалды қызмет кезіндегі, зияткерлік меншік саласына қатысты іс-әрекеттер жасаған кездегі салынытын салықтан босатылды.

Сонымен қатар, бес және одан да көп баланы дүниеге әкелген немесе асырап алып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 53 жасқа толғаннан кейін зейнетке шығуға құқығы бар.

Көріп отырғандай, республиканың қолдау мәзірі жоғарыдағыдай мағлұматтарға толы. Нарығы мен салығы, қаражаттың сағат сайынғы құнысздануын ескерген болсақ, бұл кешенді шаралар көпбалалы отбасыларға қарлығаштың қанатымен сепкен су тәрзіді. Алға қарай жасалған алты қадам. Бірақ, сонда да көңілді бір-ауық қош қылады. Жүрек түкпіріне әлдебір жылылық ұялатады. «Балам дейтін» мемлекет бар. «Мемлекетім дейтін» саналы балалардың



Инфографиканы жасаған А.Коктасова

– бір реттік төленетін жәрдемақы. Бірінші, екінші және үшінші баланы туғанда берілетін жәрдемақы көлемі қазір тура 131 100 теңгені құрайды. Ал, төртінші немесе одан да көп бала келсе өмірге, 217 350 теңге беріледі.

Жәрдемақы әр балаға дербес тағайындалып, төленеді. Бала 1,5 жасқа толғанға

Е-Gov порталы арқылы үйден ұзамай-ақ, онлайн-қызметпен беруге де болады. Құжат жеті жұмыс күні ішінде қаралады. Қосымша мәліметтер қажет болған жағдайда бес күн ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

«Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері табы-

шоғыры ұлғайсын дейік. Үміт те етеміз, үгіт те етеміз.

Аналардың жолы жеңіл...

Тағы бір ақсолтай ақпар. Осы жылдың 1-наурызынан бастап көпбалалы аналар қоғамдық көлікте жол жүруге қосымша

Ал, аккредитация мерзімі бір жыл, – дейді Константин Викторович.

Семинар барысында облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев сайлауды ұйымдастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етті. Оның айтуынша, облыстағы 761 471 сайлаушы 654 сайлау учаскесінде дауыс береді. Учаскелердің материалдық-техникалық жағдайы жоспарға сәйкес және мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып қамтамасыз етілген. Одан бөлек, арнайы жабдықталған бұрыштар да ашылған. Онда сайлау бюллетенін толтыру тәртібінің аудио нұсқалары, сайлау жөніндегі ақпаратты тыңдау, қосымша жарықтандыру және оптикалық түзету құралдары көзделген.

Сондай-ақ, семинарда облыс прокуратурының бірінші орынбасары Виталий Шабар сайлау науқанының барлық кезеңінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс туралы баяндады.

– Бұл сайлау – бәсекелестікпен және белсенділігімен ерекшеленеді. Әр партия мен кандидаттар қарсыластарынан да, біздің жұмысымыздан да кемшілік табуға тырысып, оны сайлауды бұрмалады деп айыптау үшін дәлел ретінде пайдалануға тырысады. Қазірдің өзінде соттарға 11 талап-арыз, прокуратураға 21 шағым келіп түсті. 5 адамды әкімшілік жауапкершілікке тарттық, – дейді Виталий Николаевич.

Заң бұзудың әрбір фактісі бойынша заңда көзделген құқықтық шаралар қабылданатынын айтады облыс прокуратурының орынбасары.

Семинар-кеңестердің екінші бөлімінде облыстық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері үшін «Дауыс беру күні» іскерлік ойын стилінде тренинг ұйымдастырылды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО



жеңілдіктер алды. «Бақытты бала – Бақытты ана – Бақытты отбасы – Бақытты ел» Жол картасына сәйкес, жаңа жеңілдіктер пайда болғанын біреу білсе, біреу білмейді.

Мәселенки, қала маңындағы маршруттарда тегін жүру құқына «Алтын алқа», «Күміс алқасын» таққан яки бұрын «Батыр ана» атағын иеленген, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар ие. Бұл ретте аталған барлық санаттарға Қарағанды автобустарында тегін жол жүру үшін бұрын алынған «Әлеуметтік» көлік карталарын еркін пайдалануға болады. Қала маңындағы маршруттарда тегін жүру үшін бақылаушыларға анықтамалар мен жеңілдіктер туралы куәліктің түпнұсқасын көрсетсе жеткілікті. Арнайы карталар да тегін ресімделеді.

«Іл де байла» жеңілдікке қол жеткізгісі келген жандар өтінішін Коммуналдық көшесі, 3 мекенжайы бойынша орналасқан ONAY! қызмет көрсету орталығына тапсыра алады. Ал, жеңілдігі бар арнайы карталарды ресімдеу келесі мекенжайларда мүмкін болады. Оpen Karaganda – Назарбаев көшесі, 39. «Ұмай» СУ – Карл Маркс көшесі, 9. «Молодежный» МУ – Металлистов көшесі, 24/2.

Түйін орнына

Сөз соңында әлемнің жарығын сыйлаған асыл аналарымыздың қоғамдағы орны ерек екенін тағы бір атап өтпейміз. Қарағанды облысының 432 556 отбасының деректері отбасының цифрлық картасына енгізілген. Олардың барлығының жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің тоғыз түрін проактивті форматта рәсімдеу мүмкіндігі бар. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Нүркен Блялов отбасының цифрлық картасына қандай мемлекеттік қолдау шаралары енгізілгенін хабарлады. Отбасының цифрлық картасы әлеуметтік жәрдемақы алушыға SMS жібереді. Оң жауап болған жағдайда оған тиісті төлем тағайындалады. Ақша қаражаты банктік шотқа есептеледі. Өңірде «Асыл ана», «Шаңырақ» сынды көпбалалы аналарға әлеуметтік, психологиялық, құқықтық тұрғыда тегін кеңес беріп қана қоймай, жекелеген алтын жүректі меценаттар мен демеушілердің, облыстық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдардың мұрындық болуымен баспана беріліп жатады. Бірақ, тіршілігіміздің арқауына айналған сарқылмас мейірім иелеріне қанша қолдау көрсетілсе де артық емес. «Ана» деген қастерлі сөздің мәніне жете білесек болғаны да. Әр сәби анасының құшағында жетілсін!

• МӘСЕЛЕ

Цифрлы «сығандар» немесе әлеужеліде «ақыл» сатқандар

Әркім өзінше ақылды. Бұрынғыша үлкеннің сөзіне құлақ асып, «тәйт» дегенінен қаймығатын жас жоқ. Себебі, өмірдің ащысын да, тұшысын да көріп, тәжірибе жинаған, дұрысы қалай, бұрысы қалай екенін ақылын бұлдамай-ақ, тегіннен тегін қолмен қойғандай айтып беретін үлкендерден гөрі, әлеуметтік желідегі ақылгөйлердің ақылын «ақылы» түрде тыңдағанды жөн көреді. Бүгінде «инфосыған» атанғандардың ұсынатын қызметі де – әралуан. Бірі – құмалақ ашып, болашақты болжаса, бірі – карта арқылы ойран болған отбасын қайта біріктіруге кепілдік береді. Ал, енді бірі туған күнінің сандарын алып-қосып, жолыңды ашады. Кейінгі кезде әсіресе Instagram пайдаланушылары жиі айтатын «регрессия» сөнге айналғанын көруге болады. Бұл дұрыс па, әлде, бұрыс па? Мүмкін өмірден жолын таппай сансыраған жанның жанына жалау болудың өзі сауапты іс болар?! Ол жағын білмедік, бірақ, болмайтын нәрсені қыруар ақшаға сатып, шекесі шылқып жүргендердің бұл әрекетін «есі дұрыс» адамның «дұрыс» дей қоюы екіталай. Мұнын барлығы айналып келгенде интернет алаяқтыққа әкеледі. Бұл туралы өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты арнайы қабылдап, тапсырма да берген болатын.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сығаннан «инфосығанның» айырмасы не?

Біреу білер, біреу білмес, бірақ, дүние қат болған Кеңес үкіметі тұсында жаз шыға шалғай жатқан ауылдарда қап арқалаған сығандар қаптап кететін. Қаптың іші тола – киім. Киім болғанда қандай. Ауыл дүкеніне түспейтін, түссе қалған күнде сатушының бірді-екілі танысына сөре астынан ғана сатылатын көздің жауын алатын, жалт-жұлт еткен көйлектер. Табиғатынан жылтыраққа құмар әйел заты шыдап тұрсын ба?! Біреуін үйдегілерге көрсетіп алса, біреуін көрсетпей алып мәз. Оның бағасына қарап жатқан да ешкім жоқ. Ақша бар, тауар жоқ кезде жалақысын қайда жұмсарын білмей отырғандар үшін – іздегенге сұраған. Ол киімнің сапасына мән беріп жатқан да ешкім жоқ. Әлбетте, ол дүниенің ұшарын – жел, қонарын – сай біліп жүрген сығандарға қайдан келетіні де белгілі. Үлкен қалаларда базар аралап, зауыттан «брак» шыққан тауарды алыпсатарлардан болмашы тиын-тебенге сатып алады да, ауылдарға әкеп, қыруар ақшаға сатып, бір кенеледі де қалады.

Қазіргі «инфосығандардың» да әрекеті осы тәрізді. Әлбетте, экранның әр жағында отырғандардың үйреткеніне сәйкес білімі бар ма, жоқ па, түбірлеп тексеріп жатқан ешкім жоқ. Бірақ, бірдеңені білдім деген адам, олардың әр тренингтерін бағдарлап қарар болса, бар дүниенің тонын айналдырып, өзінікі тәрізді етіп, үлкен қаражатқа сататынын байқа еді. Бұлай қарағанда, дүние саудалаған сығаннан еш айырмашылығы жоқ дегенмен, айырмасы жер мен көктей. Алыпсатар



сығанға кеткен есе артық ақша болса, инфосығанның әрекетінен талай тағдыр бұзылып, талай отбасы ойран болатынын кейіннен ақылы кіріп, бармағын тістегендердің өздері-ақ айтып жүр.

«Инстаселебрити» жарнамалағанның бәрі рас емес

Көршіміз Ресей «инфосығандармен» күресті бастап кетті. Нақты ұсыныстар дайындауда. Атап айтар болсақ, ақпараттық өнім ұсынушылардың жосықсыз өкілдерінің тізілімін жасау керек дегенді алға тартуда. Тіпті, түрлі «тұлғалық өсу тренерлері» мен «бизнес-тренерлердің» қызметін реттеу жөніндегі жұмыс тобын да құруды көздеп отыр. Қала берді,

болашақта алаяқтармен күресу үшін бизнес-тренер мамандығын енгізу туралы заң жобасын дайындауды да жоспарлауда.

Елімізде бұл мәселе әлі мемлекет деңгейінде қарастырылмағанымен, нақты проблеманың бар екенін көруге болады. Әзірге, бес қаруын сайлап, «инфосығандармен» күреске шыққан бірді-екілі адам ғана бар. Оның өзінде ашық шайқас емес, ақпараттық шайқас. Атап, айтар болса, сол баяғы Instagram желісінде ғана. Соның бірі – Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Елшібаева болса, бірі – елге «қазақтың Дәулеттегі» атымен танылған блогер Дәулет Мұқаев.

Бірақ, блогердің де блогері

бар. Мәселен, қазақстандық белгілі вайнерлер Мейіржан Төребаев, Мейірхан Шерниязов және Әзімжан Саитбаевтың жарнамасына сенген тұрғындар ақшадан қағылып, қан қақсаған еді.

– Instagram желісіндегі белгілі блогердің «ақша салып, еселеп қайтарып алуға болады» жарнамасына сеніп, ауқымды қаражатымды салып жібердім. Бастапқыда, уәде еткендей бірінші жарнамды екі есе қайтарып берді. Алтын

гиядағы регрессия. Психологтар оны ағзаның ұрыс-керіске, болмаса, күйзеліс жағдайларына қатысты қорғаныс механизмі дейді. Демек, «регрессия» ілімін тәжірибелерінде қолданып жүрген «инстатренерлер» отбасында берекесі болмай жүрген әйелдің өзіне сенімділігін арттырып, қорғаныш қабілетін арттырып беретінінде шығар деп топшылады.

– Регрессия – психологиядағы қорғаныш механизмінің бір түрі. Мәселен, адам бір нәрседен қорғану үшін бейсаналы санасыз түрде өтірік айтуы, болмаса, болған нәрсені басқаша қабылдауы мүмкін. Тіпті, болған нәрсені ұмытып қалуы да ықтимал. Өзі мойындағысы келмейтін, өзі көргісі келмейтін нәрселерді адамның санасы қорғаныш формасы ретінде әр түрлі формада ұсынады. Мұндайға көпшілігінде ересек адамдар ұшырайды. Тіпті, баланың әрекетін жасауы да мүмкін. Яғни, өзін-өзі алдау арқылы бала кездегі ата-анасының аялы алақанында болған жағдайға қайта түседі, сол арқылы жанын тыныштандырады, – дейді академик Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы Мейрамгүл Түсіпова.

Демек, маманның айтуынша, өмірдегі кез келген келеңсіз жағдайға байланысты ағзаның адам үшін жасайтын қамқорлығы. Ал, инстатренерлер айтып жүрген «регрессия» мен психолог маман берген регрессия термині арасында ешқандай ұқсастық таба алмадық. Өздерінше рух әлеміне саяхаттап, өлілер мен тірілер арасында жолбасшы болып жүргендер о дүниенің сөзін бұл дүниеге жеткізіп, марқұмның артында қалғандардың көңілдерін сабасына түсіріп жүр. Есі дұрыс адамның сенбесі анық, бірақ, қайғыдан қан жұтқанға кез келген сөздің өзі жанына майдай жағары анық. Жағып қана қойса жақсы, ертең есін ауыстырмасына ешкім кепілдік бермейді. Ал, бұл жағдайлардың барлығына қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-бөлігінің 5-тармағы қылтияды. Яғни, ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдап немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық. Бірақ, өкінішке қарай, аталған жағдайға бұл баптың жүре бермейтіні өкінішті...

Алаяқтықтың өзі алуан түрлі

Жоғарыда дәл осы әлеуметтік желіде жарнамаланып жүрген «регрессия» жайлы айттық. Жалпы, регрессия дегеніміз әр салаға қатысты. Бізге керегі – психолог

• ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

Әйелдің миссиясы – ана болу

XXI ғасырдағы қазақтың әйел затында көп өзгеріс бар. Бағзыдан қалған бұйығы тұрмыс, ұяң тірлік жоқ қазір. Қоғамның кез келген буынында әйел билік айта алатын заман. Азат ойлы, ерікті. Тіпті, кейде ер алып жүре алмас жұмысты диірменнің тасындай шыр айналдыратынын да көріп жүрміз. Қуанарлық жағйт. Бірақ, осы арада бір сұрықсыз сұрақ туады. Ал, әуелгі әйелдің Ана болу миссиясы неге екінші кезекке шегерілді? Және ол қашан, қалай ысырылды?

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түзде қызмет жасап, тау қопарып, тас үгітіп жүрген қыз-келіншектер мұны ойламайды емес, ойлайды. Негізі, ежелден ер тағысы далада болса, әйел орны отбасы, ошақ қасы еді. Қазір сол теңдік бұзылып, үйірдегінің бүйірге шыққанына куәміз. Әлбетте, әлеуметтік ортада тең құқылы. Десек те, отбасына келгенде, бұл теңдік сақталуы тиістігін ғалымдар да айттады.

Мұнымыз қара аспанды төндіру емес. Шынұяйтында, осы күні кез келген қызметтегі әйелдің таза бала тәрбиесімен айналысқысы келмейді деу бекер болар. Қайсыбірі амал жоқ, енді бірі солай болуы тиістіктен жұмысбасты. Ал, баланың қарны тоқ, көйлегі көктігі тәрбиеден қағылған бос кеңістікті толтыра алар ма екен?!

Осыдан соң, қазір қоғамда балалардың арасында көптеген келеңсіздіктер орын алатыны рас. Балаға ананың мейірі, әкенің қайыры жетпеген тұсты әлеуметтік желінің зиянды ақпараттары толтырып алғандай. Бұл туралы Қа-

зим Мұстахимұлының «Жұбайлар құпиясы» кітабында жан-жақты жазылған екен. Мұнда автор біздің көкейіміздегіні тап басыпты. Біздің ішкі ой осы автордың ойымен үндеседі. Ол нәзік жаратылысты әйелді ерлермен тең қоймыз деп, теңгерімді бұзып алғандығымыз хақында.

«Өрине, әркімнің әйеліне жұмыс істетіп, істетпеу құқығы өзінде. Ешкім ешкімге олай істе, бұлай істе деп айта алмайды. Бүгінгі біздің заманымызда әйел адамдарға бірқатармен тең құқық әпереміз деп жаратылысы нәзік жаратылған әйелдің әлсіз физиологиясына шамасынан артық жауапкершілік жүктеп, жұмыс істетіп, жалақысын еректердің жалақысының жартысындай ғана беріп жатқан оқиғалар қаншама, әне, соның кесірінен қаншама әйел үйсіз-күйсіз, жарсыз, баласыз қалып қоғамда жүр», дейді автор. Бұл шындық емес деп кім айтады?

Дегенмен де, қазіргі қоғамды қарап отырсақ, автор айтқандай, бүгінгі әйелдердің жұмыс істеуінде екі кілттің бар екенін аңғарамыз. Біріншісі, баланы асырайтын өзгедей табыс болмаған соң амалсыз кез келген жұмысқа шығуға мәжбүрлік.

Екіншісі, материалдық жағдайы жақсы, ішкені алдында, ішпегені артында қалған әйелдердің өзге біреуге өзін дәлелдеу үшін, атак, мансап үшін жұмыс істеуі.

Алғашқысы адам қажеттіліктен шықса, екіншісі батыстан, бөтеннен алған әдет. Бұл арада мәселе әйелдердің жұмыс істеуінде емес. Оның төркінінде ұлттық құндылықтармен қабыспайтын жайттар бар. Батыс қанша жерден өркениетті болса да, оның бәрі қазақтың менталитетіне дәл келе бермек емес. Қазір жұмыстағы әйелдің жағдайы көбіне сол батысты еске салады. Ал, оның ананы баладан, жұбайды жардан, келінді ата-енеден айырып жатқанын да айту міндет.

«Әйелдердің жұмыс істеуі де, міне, осындай жан-жақтылы ойланып өлшеммен, қоғамға да, отбасыға да, бала тәрбиесіне де, ұлттың келешегіне де пайдалы болатындай етіп алуымыз керек. Себебі, біздің түсінікте әйел адамның ең үлкен міндеті – «ана болу», деген Қазим Мұстахимұлының пікірін ескеретін уақыт әлдеқашан келген.

Сонымен, біз бой түзеген батыстағы ахуал қазақтың таным-түсінігіне жат екен. Зер салсақ, расында оларда ана болу мақсат емес. Соның салдарынан Еуропаның кей елдерінің тым қартайып кеткені белгілі. Жасынан қариясы, кейуанасы көп елдер бар.

Мәселен, осыдан біраз жыл бұрын Англияда жалғызбастылар министрлігі құрылыпты. Неге? Өйткені, отбасы құндылықтары бұ-



Қолжазба жасаған А.РАХЫМЖАН

зылған. Соның кесірінен жалғызбасты шолжаң әйелдер көбейген. Батыс үшін осы бір қасіретті салдармен күресу мақсатында үкімет деңгейінде министрлік құруға мәжбүр екен.

Азуын айға білеген АҚШ-та отбасы құндылығынан түп-тамырумен айырылған. Мысалы, ажырау мен көмелет жасқа толмағандар қылмысы басым. Деректерге сүйенсек, ол жақтың неке шартында барлық жағынан «демократия» көрінеді. АҚШ-та «теңдік» бар екен. Олардың тіліндегі «теңдік» әр адам жынысына қарамастан отбасын басқара алады. Сондай-ақ, әр отбасының өзінің жекеменшік психолог

маманы болады. Маман отбасының ішкі және сыртқы құқығына бірдей жауапты екен. Бұл дегеніміз, психолог сол әулеттің отбасылық құпияларынан, ішкі сырларынан хабардар дегенге саяды. Санаға сия ма?...

Бір айта кетерлігі балалар құқығы ересектерге ұқсас. Қазіргі уақта АҚШ балалары үлкенге күрметті мүлде білмейді десек артық емес. Себебі, оларды солай тәрбиелеген «арнайы мамандар». Иә, кәдімгі бала күтуші маман. Ол жақта екінің-бірі бала күтуші жалдайды.

Тіпті, жас баланы көпшіліктің алдында ұрып, соғу, қала берді сотқа беру де қалыпты жағдай.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Түске дейін мүйіз...»

«Түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз». Қазір Қарағандыда жаяу адамның жүруі қиындап тұр. Тротуар үсті көк мұз. Қалалықтардан шағым көп. Десек те, коммуналдық қызметтер де қамсыз отырған жоқ. Қолдағы мәліметке сенсек, қалада қызу жұмыс жүріп жатыр.

Нұрканат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды көшелерінің күтіміне жауапты бірден-бір мекеме – «Тазалық Эксперт» ЖШС. Тұрғындардың амандығына алаңдаған мекеме көшеде жүріп-тұрғанда абай болуды ескертеді. Және хабарлама арқылы жүрудің қауіпсіз түрлеріне үйретуде. «Көше көктайпақ. Сондықтан, аса сақтықпен, асықпай және қысқа қадамдармен жүрулеріңізді сұраймыз» делінген серіктестік таратқан ақпаратта.

Бүгінде мекеме қызметкерлері білекті түріп, іске кіріскен. Күн сайын автожолдар мен тротуарларға құм-тұз қоспасын шашып жүр. Әйтсе де, бар еңбектері зая кетіп жатқандай.

«Күндіз қар ериді, түнде қатады. Біздің сепкен қоспамызды еріген қар суы шайып кетеді. Құм судың астына түсіп, түнде бетін мұз жауып қалады. Сол себепті, жұмыс тиімділігі төмендеп отыр», – деп хабарлайды серіктестіктің баспасөз қызметі.

Қазіргі уақытта қаланың орталық аймағы қамтылды. Басқа да бөліктердегі жұмыс жалғасуда. Орта есеппен тәулігіне үш «КамАЗ» қорабына тиелген қоспа жолдарға себіледі.

Айдың басында мол түскен қар тасқын қаупін күшейткені сөзсіз. Бүгінде шаһар аумағынан қар шығару жұмыстары қарқын алды. Бір аптаның ішіндегі көрсеткіш – 68 мың текше метр.

Сондай-ақ, тасқынның алдын алу бойынша өзге де маңызды шаруалар қалыс қалған жоқ. Мәселен, арықтар мен жол бойындағы нөсер каналдары қардан, қоқыстан аршылды.

Қазыбек би ауданы әкімдігінің хабарлауынша, мердігер ұйымдардың күшімен дайындық шаралары жүргізілуде. Материалдық-техникалық база тастүйін әзір. Құм салынған қаптар мен инертті материалдар жеткілікті.

Соңғы күндері Қазыбек би ауданында қар суын бұру үшін бөгеттер тұрғызылды. Аталған жұмыстар Қазақстан, Московская, Космонавттар, Панорамная және Пищевая көшелерінде жүргізілді.

Ювеналды әділет заңы солай бұйырған көрінеді өйткені. Осыдан кейін америкалық ата-аналар балаларына толықтай еркіндік беруге тырыса-тырн секілді. Ал, бұл нағыз қазақы менталитетке қаншалықты жақын-алыстығын әркім өзі бағамдар...

Шындығында, әйелдер кейде, мүмкін көбіне қоғамда ауыр жұмысқа жегіліп, отбасынан алшақтап қалғанын айту керек. Оның салдары дәл қазір көрінбегенімен, келешекте күрделі болуы мүмкіндігін де естен шығармаған жөн-ау! Ол үшін не істеу керек дегенге келсек, бұл өз алдына әлеуметтік зерттеуді қажет етіп тұрған дербес тақырып.

● ТҰЛҒА

Заңғар биік Зарқын аға

Өлі есімде, 1987 жылдың желтоқсан айы еді. Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында тілші ретінде еңбек жолымды бастап, қызмет аткарып жүргеніме бір жарым жылдан асып бара жатқан.

Бір күні кабинетіме аксия күліп, кіріп келген редакцияның кәсіподақ комитетінің төрағасы, танымал қаламгер Зарқын Тайшыбаев ағам:

– Әй, бала! Сүйінші! Бұйырса, биыл Жана жылды өз пәтерінде қарсы алатын болдың! – деді маған күректі алақанын ұсынып.

Тосыннан естіген қуанышты хабарға аяқ астынан не дерімді білмей абырап қалдым. Жақын араласқан адамдар жақсы біледі, біздің Зарқын ағамыздың қойны-қонышы толған әзіл-қалжың сөздер болатын. Сірә, кезекті бір қалжыны болар деп қалсам керек.

– Әй, мынау ыржиып күле ме десем, оқшырайып маған қарайды ғой! Сенбей тұрсың ба? Рас айтамын! – деді Зақаң.

Солай деді де, төсқалтасынан менің атыма жазылған пәтердің ордерін суырып алып, қолыма берді. Қаланың нақ ортасындағы Нұркен Әбдіров даңғылының бойындағы №25 үйден екі бөлмелі пәтерді менің атыма жазып қойыпты!

Жас жүрегім қуаныштан тайдай тулап қоя берді! Жұбайым мен кішкентай қызым үшеуіміз университеттің отбасылық жатақханасының қуықтай бір бөлмесінде тұрып жатқан болатынбыз. Қалай қуанбайсың?!

Көп ұзамай пәтерге де кірдік. Қоныстойды да тойладық.

Сол пәтерде тұрып жатқан алғашқы айлардың бірінде бір кабинетте қызмет атқарған белгілі журналист Шайхан Жандаев марқұм:

– Ойпырым-ай, мына маса дегеніңіз сұмдық болды. Терезе мен балконның есігінен үйге кіріп, түні бойы иттей талап шығады. Төлеубай інім, сенің үйіңде де маса бар ма осы? Түк көрмеген адамдай болып, тымпиясың да отырарсың, – деген еді.

Сонда жанымызда бірге отыратын Зарқын Тайшыбаев ағам әзілі жарасқан Шайхан құрдасын қағытып:

– Әй, сен де қайдағыны сұрайды екенсің. Маса көрсе жаның қоярға жер таппайтын өзің дейсің бе оны? Қылшылдаған жас жігіт емес пе? Маса түгілі, үйіне аю кіріп кетсе де, елең қылмас бұлар! – деген.

– Айтпақшы, солай екен-ау! – деп Шайхан ағам да жымыып еді марқұм...

Зақаң мен Шәкең кеуей түйдей құрдас болғандықтан бірін-бірі әзіл сөзбен түйрмесесе, отыра алмайтын. Әлдебір кішкентай бойлы адам туралы сөз бола қалса:

– Осы мына біздің Шайхандай-ақ шағын келген шапата адам екен, – дейтін Зақаң жорта.

– Сенің осы мен десе жының бар ма? – деп Шәкен шыж-быж болады.

Ашуланғандағы әдетімен көзділдіргін



бір шешіп, бір киіп, тайдай тулайды. Зақана да керегі осы. Қалжың сөздерін одан сайын үдетіп, шақпа тілімен құрдасын шамдандыра түседі. Құрдастардың арасындағы зілсіз қағытпаға қаламдастары да маз болып қалатын. Біздің Зақанның қалжыңдары деген адамды күлкіге қарық қылушы еді ғой...

Сол жылдары редакцияның бөлімдері айлық және тоқсандық тақырыптық жұмыс жоспарларын жасап, оларды редакция алқасында бекітіп, күнделікті жұмыс барысында басшылыққа алып отыратын. Шайхан Жандаев ағамыз күнделікті хабар-ошарлар мен спорт тақырыбын жүргізуге жауапты еді. Әлдебір сүйекті мақаланы жазуға алдын ала авторларға тапсырыс беріп қояды. Ол материалдар тиісті уақытында қолына түсе қоймайды да, Шәкең кіжініп, алдындағы қызыл телефонның құлағын қолына алып, материалды кешіктірген авторларға хабарласа бастайды.

Зақаң, Шәкең, мен үшеуіміз бір кабинетте отырамыз. Зарқын ағамыз Шайхан құрдасының аузынан шыққан әр сөз бен оның қимыл-қозғалысын тышқан аңдыған мысықтай қалт жібермей бағып отырады. Содан кейін құрдасын тағы тәлкектей бастайды.

– «А то редактор рутать будет» деп не сандаласың? Соншама не болды? Оқушы бала құсап балпылдап отыр ғой. Ау, сен облыстық газет редакциясының мүйізі қарағайдай журналисі емессің бе? Солай да сөйлесе ме екен кісімен? Ол біз туралы не ойлайды енді? – деп Зақаң жорта ашу шақырған болып, күйіп-піседі.

Оңсыз да сіркесі су көтермей қапаланып отырған Шайхан ағам:

– Әй, кетші оттамай! – деп оған қолын бір сілтей салады. Артынша ыржиып, Зарқын құрдасынан бір тал темекі сұрап тұрады.

Зақанның бірде Шәкенді «кәсіподақ арқылы ондатр шапка таратып жатырмыз,

сен тізімде жоқсың» деп алдап, редактордың кабинетіне тұра жүгірткені өз алдына бөлек бір хикая. Құрдастардың арасындағы мұндай қалжыңның талайына куә болғаным бар. Сөйткен бала мінезді, аңқау Шайхан ағамның да өмірден өткеніне талай жыл болды.

Зақаң кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультеті жанынан журналистика бөлімін ашып, біраз жыл сонда ұлағатты ұстаз болды. Бірнеше жылдардан бері ол Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өзі құрған «Атамекен» этномәдени ғылыми-зерттеу орталығын абыроймен басқарып келеді.

Атан түйеге жүк боларлық ғылыми еңбектері де, ат үркетін атактары мен марапаттары да баршылық. Американың бес университетінде журналистика мамандарын даярлау бойынша арнайы шақыртумен барып, дәріс оқыған қазақ азаматы ол!

Алаштанушы, абылайтанушы ғалым. Профессор. Академик.

Сексен жастың сенгірінен асқан жасы бар, көпті көрген басы бар.

Заңғар биік Зарқын ағам менің! Ізбасар ініңіз ретінде сый көңілден өзіңізге арналған мына жыр шумақтарын қабыл алыңыз!

Қыраны Балқантаудың Зарқын ағам,
Ұнайды емен-жарқын қапшы маған.
Сексенге келіп отыр сырбаз күйде,
Керілік өрті мүлдем шарпымаған.

Ауылы Едірей ғой болған ұя,
Білімі – айдын шалқар мол дария.
Абылай заманынан ақтарады,
Тарихын Қазақия, Жоңғария.

Кеудесі – алтын сандық қазыналы,
Айтады әзіл-қалжың, базынаны.
Еліне том-том кітап сыйға тартып,
Кешіп жүр бұл өмірдің жазын әлі.

Ол менің заңғар биік Зарқын ағам,
Алтыннан ардақты ғой нарқы маған.
Жүреді жас жұбайдай қолтықтасып,
Жанында – Гүлнар жегем жарқыраған.

Ағалап соңына еріп, Зақа дедік,
Жүреді жақсы ініге бата беріп.
Алты атан тарта алмайтын атағы бар,
Журналист, профессор, академик!

Өмірдің бұралаң жолдарының бастауын да алдыңнан осындай абзал ағалардың кездескені неткен бақыт!

Олардың нұрлы онегесі түнгі аспандағы құс жолындай үнемі алдында жарқырап жатады екен.

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

● БАЙҚАУ

Құлагерше
құлашын кеңге сермеп

Қарағанды қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №8 орта мектепте «Ілияс Жансүгіров оқулары» қалалық байқауы өтті. Оған қала мектептерінің 7-11 сыныбында білім алатын 40-қа жуық үміткер қатысып, бақ сынасты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қамқоршысы, қалалық білім бөлімінің әдіскері Айгүл Еркінқызы шараның басы-қасында жүрді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар үш бағытта өнер көрсетті. «Ілияс эпик акын» бағытында олар поэзия құлагерінің поэмалары, ал, «Сұлу сөздің сұлейі» бағытында түрлі тақырыптағы жырлары жатқа оқылды.

Үш бағыт бойынша Қарағанды облысында білім беруді дамытудың әдістемелік орталығының әдіскері Ғазиза Смағұлова, акын, Шәкәрім атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Асылбек Сүлеймен бастаған бірқатар тәжірибелі ұстаздар төрелік етті. Іс-шараны тізгінінде, ұйымдастыруда қырағылық танытқан акын, №8 мектептің ұстазы Қайрат Иманбектің еңбегін атап өткен жөн.

Нәтижесінде, ақынның поэмаларын жатқа айту бойынша ІІІ орынға Ә.Ермек атындағы мектеп-лицейдің оқушысы Гүлжан Серікжанқызы, Б.Момышұлы атындағы орта мектептің оқушысы Айзере Маралова, №51 орта мектептің оқушысы Гүлдана Алиасқар ие болды. Ал, ІІ орын №22 орта мектептен келген Мұхтар Әліге, І орын №61 орта мектептің намысын қорғаған Нұргүл Сырымбетке бұйырды.

Ақынның өлеңдерін жатқа айтудан ІІІ орын №87 мектептен Ақниет Айтбайға, М.Жұмабаев атындағы гимназиядан Бағдат Бақытқа, №65 мектептен Бекарыс Қоңыртайға, №25 орта мектептен Элина Вайнерге, №27 мектептен Гүлдәурен Серікке нәсіп болды. ІІ орын биігінен Ә.Ермек атындағы мектеп-лицейден Әлішер Ермекбаев пен Ж.Ақбаев мектебінен Ділназ Даниярқызы көрінсе, І орынды №61 орта мек-



тептің оқушысы Ақшархат Эшқұлова жеңіп алды.

«Ағынды менің – Ақсуым» аталымында өлеңге талаптанып жүрген оқушылар алдымен Ілияс ақынға арнап жазған өлеңін және еркін тақырыпта бір өлең оқыды. Екінші кезеңінде оларға 30 минут ішінде «Қамшы» тақырыбында екі шумақтан кем емес өлең жазу міндеті жүктелді. «Құлагер» сынды поэма жазған Ілияс ақынның мүшәйрасына бұл тақырып дөп түскендей. Шын жүйрік мұндайда тосылсын ба? Бұл сында шашасына шаң жұқпай, 12 талапкердің арасынан қара үзіп, №25 орта мектептің оқушысы Нұрасыл Аманжол келді мәреге.

на қуанған қазылар алқасы «бір ақын таптық» деп сүйінші сұрады.

Марапаттау кезінде бас жүлде алған Нұрасыл ақын қамшы туралы жырын оқып, жиналғандар тік тұрып шапалақ соқты. Өлең оқуы да ерек. Бұл жеңісте ұстазы, жетекшісі Гүлнұр Көшкінбаеваның да еңбегі зор екенін атап өткен жөн. Осылайша, Нұрасыл ақын алдыңғы екі аталымда оза шапқан қос замандасымен бірге «Ілияс Жансүгіров оқуларының» облыстық кезеңінде бақ сынаиды.

Құлагерше құлашын кеңге сермеп, құлдырандаған жас ақынға ақ жол тіледік.

● ФОРУМ

Еңбегі жанған
арулар

Әйелдердің халықаралық мерекесі өткен күннің ертеңінде, яғни 9 наурызда Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында болған үлкен форум осылай аталды. Оны Қарағанды облысының іскер әйелдері қауымдастығы ұйымдастырды. Бұл алқалы жиынға Ақмола, Ұлытау облыстары мен Астана қаласынан кәсіпкерліктің әр саласында еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер келіп қатысты.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аталған шараның негізгі мақсаты – Қазақстандағы жұмыс істейтін әйел қауымының маңызын арттыру. Форум нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік салада мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қарағанды облысының әйелдерін біріктіру, олардың мәртебесін көтеруді көздейді.

Жиынды Қарағанды облысының іскер әйелдері қауымдастығының төрағасы Индира Жаббаева ашып, Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев форумға қатысушыларды құттықтады. Бұдан кейін Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығының Президенті, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қызметкері Раушан Сәрсенбаева сөз сөйлеп, елімізде үкіметтік емес бұл ұйым қандай деңгейге көтерілгеніне тоқталып, оның 25 жылдығына арнап түсірілген бейнефильм көрсетілді.

да көмек көрсетуге әзір екендерін мәлімдеді.

Одан әрі облыстың халық шаруашылығының әр саласында еселі еңбек еткен 13 адамның фотокөрмесі ұсынылып, оларға Қазақстан іскер әйелдері қауымдастығының Алғыс хаты мен гүл шоқтарын оның Президенті Раушан Сәрсенбаева мен қала әкімінің орынбасары Самат Зияшев табыс етті. Марапат алғандардың бәрі де нәсібін кәсібінен тапқандар. Мәселен, Мұңсыз Тілегенова 40 жыл жүргізуші болып істеп, осы күнде Қарағанды қаласында 43-ші бағыт автобусымен жолаушыларды тасиды. Ал, елу жылға тауа Ғабиден Мұстафин кентінде балалар дәрігері болып еңбек етіп, Кеңес заманында «Құрмет белгісі» орденін өңіріне таққан Мақпал Жаббаева бүгінде зейнеткер. Ал, 32 жыл өтілі бар Елена Сябина «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» АҚ жобалау-конструкторлық бөлімінің бастығы болса, марапатталғандардың ең жасы Ольга Дьякова



– Біздің қауымдастықтың қазір 22 өңірде бөлімшесі бар. Олар 15 мыңнан аса нәзік жандарды біріктіріп отыр. Осы мерзім ішінде әйелдердің жұмысқа орналасуына және білімін арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, олардың мәртебесін жоғарылатуға, оларды кәсіпкерлік пен саяси тұрғыда ілгерілетуге бағытталған 100-ден артық жоба жүзеге асырылды. Бүгінгі «Еңбегі жанған арулар» да сондай жобалардың бірі. Біздің ұстанатын үш қағидамыз – әйелдерге көмектесу, қолдау, көтермелеу.

Келесі кезекте «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков әйел-аналардың, соның ішінде іскер жандардың қоғамда алатын орнына лайықты баға беріп, өздерінің облыстық іскер әйелдер қауымдастығымен екі арада қол қойылған меморандумға сәйкес қай уақытта

9 жылдан бері «Optimiz KZ» ЖШС бетон бойынша сарапшысы. Басқалары да өз жұмыстарын адал атқарып, сый-құрметке ие болып жүргендер.

Ендігі кезекте форумға қатысушылардан республикалық қауымдастық Президентінің орынбасары Сәния Ирсалиева, Ақмола облысының іскер әйелдері қауымдастығының төрағасы Сайра Матайбаева және Қазақстан әйелдері күшінің Альянсы оқыту жөніндегі бағдарламаларының кураторы Меруерт Өсербаева өз ойын айтып, тәжірибелерін бөлісіп, іскер әйелдердің Қазақстанда елеулі күшке айналғанын ерекше атап өтті. Өйткені елімізде шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкер әйелдер саны 52 пайызға жетіп, олардың жалпы ұлттық өнімді қалыптастыруға қосқан үлесі 40 пайызды құрайды екен.

ТЕМІРТАУ

Құттықтаймыз!



Құрметті асқар тау әкеміз, **Марат АҚМАҒАНБЕТҰЛЫ!** Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз 40 жылдан астам отасқан анамызбен бірге өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз.

Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар, кең жүректі абзал жан ретінде білеміз.

Осы жасқа келгенше жұрт тамсанарлық істеріңіз көп-ақ. Алдағы уақытта осы істеріңіздің жемісін көре беріңіз. Біз сізбен мақтанамыз, марқаймыз! Ең тамаша сөз бұл өмірде «Әке» деген, Суыққа бір шалдырмай мәпелеген. Өмірдің соқпағымен өрге тартып, Алдымен адам бол деп жетелеген.

Тағдырдың кеуде тосып жартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына. Алаңсыз сауық-сайран, шалқып жүрміз, Біз бүгін әкелердің арқасында.

Әкешім, жүреміз біз бір өзінді арқаланып, Жетеді жаксы ісің жұрт тамсанарлық. Жүзге жет жүзің жаркын, денің сау бол, Оны да аман-есен қарсы алалық.

Бүгінгі күнгі айтулы сәтте Сізге тілеріміз қонар бақтың баяндысын, бігер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз.

Сонымен қатар, әке жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, анамызбен бірге ұзақ ғұмыр жасай беріңіз.

Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, әлі де талай асулардан аса беруіңізге тілектеспіз.

Тілек білдірушілер: жұбайы – **Шайза** және балалары – **Талғат-Гүлдана, Данияр-Гүлмира, Серікбол-Айзада** және немерелеріңіз – **Сұлтан, Бауыржан, Аружан, Іңкәр, Әлихан, Айкөркем, Ахмет-Әли.**



● ЕҢБЕК АДАМЫ

«Ішпейтін етікші» немесе шебердің арманы

Виталий Саврей – үшінші топтағы мүгедек. Мүмкіндігім шектеулі екен деп бос отырған ол жоқ. Ол аяқ киім мен былғарыдан жасалған бұйымдарды жөндеумен айналысады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ер адам 10 жыл бұрын цемент өндіретін кәсіпорында жарақаттанған. Аяғы тасымалдау станогына ілініп кетіпті. Жарадар аяқты сақтап қалу мүмкін болмады. Ұзақ уақыт бойғы оңалтудан соң Виталий жаңа кәсіп – етікшіліктің қыр-сырын меңгерем деп шешті.

«Ең киыны аяқ киімді толығымен бөлшектеп, жаңалау. Әдетте жұмыс барысында етіктің өлшемі өзгеріп кетіп жатады. Соған қарамастан, жұртшылыққа кепілдік беріп жұмыс жасаймыз», – дейді қала тұрғыны.

Виталий өзінің шеберханасын «Ішпейтін етікші» деп атапты. Етікші біткеннің бәрі маскүнем емес дегенді аңғартқысы келген болса керек. Дүңгіршегін Теміртаудың 8-ші шағын ауданына орналастырды. Өз ісін бес жыл бұрын ашқанымен, жақын болашақта



«Бұл шаруада аяқтың қажеті шамалы. Отырасың да жұмыс жасайсың. Мүмкіндігім шектеулі болғанымен, ешқандай шектеу

шағын бизнесін кеңейтуді армандайды. Бүгінгі таңда етікшілік сұранысқа

сезінбеймін. Мүгедектіктің үшінші тобы бойға аз-кем медеу. Өйткені, ай сайын әйтеуір қаражат түсіп тұрады. Жұмысыңызды жақсы көрсеңіз, артық уайым мен сарсаңға орын қалмайды. Бастысы, ерінбей еңбек ету», – деп санайды Виталий.

Өзіне деген сенім, табанды еңбек. Виталийдің бүгінгі жетістігінің құпиясы осы. Өмірлік қиын

жағдайға тап болған адамдарға құдерін үзіп алмай, мақсатына жету үшін жігерді жасытпауға кеңес берді.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:

43-21-55

	Қарағанды облысы: ауа райы					
	11 наурыз		12 наурыз		13 наурыз	
Қарағанды қаласы	+1	-3	0	-4	+1	-9
Абай ауданы	+2	-3	0	-4	0	-10
Ақтоғай ауданы	+2	-3	+3	-1	0	-12
Бұқар жырау ауданы	+3	-2	0	-6	-2	-9
Қарқаралы ауданы	+5	0	+3	-5	0	-9
Нұра ауданы	0	-3	0	-5	-1	-12
Осакаров ауданы	+1	-3	0	-5	0	-12
Шет ауданы	+3	-4	+3	-2	+3	-12
Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды						

● ӨЗЕКТІ

300 млн. теңге қайтарылды

Теміртау қаласының прокуратурасы қаланы жылумен жабдықтау саласына талдау жүргізді. Тексеру барысында ағымдағы жылыту маусымы басталғаннан бері «Оқжетпес-Т» ЖШС-і және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның бірден екі жылу электр орталығына жөндеу жұмыстарын жүргізгені анықталды.



Жөндеу жұмыстары барысында қала тұрғындарының үйлерінде жылу беру жүйесі жиі тоқтаған. Тиісінше, жылу беру қызметтерінің құны қайта есептелуі керек еді, бірақ монополист мұны жасамаған. Тұрғындар жылусыз қалған уақыттарына да төлем төлеген, деп мәлімдейді ҚР Бас прокуратурасының баспасөз қызметі.

Қызметтер құны қайта тексеріліп, 120 мың тұрғынның құқығы қорғалды. Оның 118 362-сі жеке тұлға және 1329-ы бизнес субъектісі. Қадағалау актісі бойынша кәсіпорын 300 миллион теңге көлемінде төлемақыны қайта есептеді.

Акерке МҰХАММЕД-АЛИ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 4-курс студенті

Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүз көліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ЕЗ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕЗ АРҒАНДА БАҒА САТАМЫЗ

● БӘРЕКЕЛДІ!

8 наурыз – 8 қыз

Аяулы жандардың мерекесі күні облыстық перинаталдық орталықта сегіз қыз бала дүниеге келді. Жан-жағын шаттық пен шу-аққа бөлеп, дүниеге келген 13 перзенттің бесеуі – ұл.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Отан – отбасынан басталады» деген жаксы тәмсіл бар. Бейбіт елде әр отбасының тату-тәтті өмір сүріп, дүниеге перзент әкелуі сол шаңырақтағы үлкен қуаныш. Минайловқадағы №1 перинаталдық

орталықта 12 сәби, Пришатиңкі-дегі №2 перинаталдық орталықта бір бала дүниеге келді. Ана мен бала өміріне жауапкершілікпен қарап, білім-біліктілігін көрсете білген медицина мамандарының

еңбегі зор.

Ерекше күн ескерусіз қалмады. Мереке күні дүниеге перзент әкелген аяулы аналарды, жаңа туған балапандарды және аурухана қызметкерлерін «SENIM» кәсіподағы құттықтады.

Қос мерекені атап өткен бақытты жандар қатарындағы Анастасия Штраус, Жібек Исмаилова және Светлана Севальневалар кәсіподақ ұйымындағы туған күн иелеріне сыйлықтар табыстады.

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Асыл жандарға арналды

Көктеммен ілес келген көрікті мерекеге орай, Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінде салтанатты шара өтті. Мектеп қызметшілері мен тәрбиеленушілердің ұйымдастыруымен өткен мерекелік шарада мектеп басшысы, подполковник Жанат Бағжанов аяулы жандарды құттықтап, аналарға деген жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Әйел, ана, арулар – барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын қуш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Ұжымдағы 70-ке жуық нәзік жандардың еңбегі ерен. 300-ден астам тәрбиеленушінің бойына білім нәрін сіңіріп қана қоймай, мейірімділікке тәрбиелеуде зор еңбек сіңіріп келесіздер. Дендеріңізге қуат, көңілдеріңізге шуақ тілеймін, – деп ізгі тілегін жеткізді.

Ал, офицерлер мен тәрбиеленушілер әйел қауымына гүл шоқтарын ұсынып, сыйлық табыстады. Шара концерттік бағдарламаға жалғасты.

Венера БАҚЫТҚЫЗЫ, Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінің қызметкері

• ТҰСАУКЕСЕР

ТҮРКСОЙ – түркі тарихы аясында

Түбі бір барша Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы – ТҮРКСОЙ биыл 30 жылдық мерейтойын кең ауқымда атап өтіп жатыр. Осыған орай Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен түрік тілінде жарық көрген В.Козодойдың «Әлихан Бөкейхан – дәуір адамы» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған ресми тұсаукесер рәсіміне Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРКСОЙ) хатшысы Санжар Мулазымоглу арнайы қатысып, ұйымның негізгі жұмыстарын атап өтті.

– ТҮРКСОЙ ықпалымен түркі әлемінің ынтымақтастығы сапалы жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Қазіргі таңда тарихи-мәдени мұраны сақтауға маңызды мән беріліп отыр. Биыл Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРКСОЙ) құрылғанына 30 жыл толды міне. Енді осы мерейтойды желеу етіп, барлық бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жандандыруға дайынбыз, – деді Санжар Мулазымоглу.

Оның сөзіне сүйенсек, Қазақстан тарапының ұсынысымен 2023 жыл түркі



• ЖАҢА КІТАП

Медицина майталманы

Қолымызда – «Халықтың Мұратбегі» атты жаңа кітап. Бұл еңбек берісі Арқаға, әрісі Алашқа әйгілі онкология саласының білгірі, медицина ғылымдарының кандидаты Мұратбек Жұмақасевтың өнегелі өмір жолына арналған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кітап төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы «Бауырлар мен туған-туыс Мұраты» бөлімінде ет жақындардың естелігі топтастырылған. Олардың арасындағы жақында өмірден өткен жазушы Камел Жүністеғінің «Қайран, бауырым!» естелігі кітапты оқуға жетелей түсті.

«Майталман мамандардың Мұраты» бөлімінде академик, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қани Жүмкенұлы бастаған бірқатар саланың білікті мамандарының естеліктері жинақталыпты.

Үшінші «Достар мен кимас жандардың Мұраты» бөлімінде химия ғылымдарының докторы, профессор Болат Қасенов, ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбайдың әсерлі өлеңі және басқа да замандастарының есті естеліктері беріліпті.

Төртінші бөлімде еңбек жолында қол жеткізген наградалары мен түрлі жиындарда, үйінде түскен сирек фотосуреттерімен таныса аласыз. Кітап жалпы оқырман жауымға арналған. Тағылымы мол, тілі қалдырмайды. Кез келген оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Кітаптағы Мұратбек Дәулетханұлының адал еңбегінің арқасында жеткен жетістіктері мен бағындырған биіктер жас буынды өз мамандығына, өз ісіне жауапкершілікке, табанды еңбек етуге жетелейді. «Еңбек – бәрін жеңбек» деген ұлағатты сөзді осындайда ұққандай боларсың.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Театрдағы тартымды кеш

Қарағандылық арулар үшін биылғы 8 наурыз мерекесі ерекше болды. Өйткені, С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында аналар мен арулардың құрметіне «Нәзік сәуле құшағында» тақырыбында мерекелік концерт қойылды. Екі тілде өткен мерекелік кештің режиссері – театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан. Бұл кеште Сәкен театрының халықтық-симфониялық оркестрінің тұсауы кесіліп, бастан-аяқ орындалған өнер туындыларын сүйемелден отырды. Оркестр дирижері – Әбілқайыр Сағынбаев. Кеште Қарағандының бірнеше театрының әртістері біріге өнер көрсеткенін атап өткен жөн.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көктем келіп, мерекеге ұласып, сегізінші наурыз келді қыр асып. Қыз-келіншек, нәзік жандар мейрамы, көңілдердің шапағатын тұр шашып» демекші, іс-шара басында Сәкен театрының халықтық-симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен Қасым Аманжоловтың «Ақ сәулем» туындысын театр хоры әуелете шырқады. Театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жасұлан Орынбасардың өлең топтамасын театр әртістері осы «Ақ сәулем» әнінің әуенімен нақышына келтіре оқыды.

Оркестр Құрманғазының «Балбырауынын», Қазанғаттың «Ақжелеңін» күмбірлетсе, Гүлмаржан Сұлтанғалиева орындаған «Дайдйдау» әнінің қылқобызға ықшамдалған нұсқасы да әсерлі болды.

Ал, поэтикалық блокта Төлеген Айбергеновтің «Мені ойла» өлеңін Айдос Нұрмағамбетов, Фариза Онғарсынованың «Ғашық сезімін» Әнелі Сағындықова, «Қызғаныш» өлеңін Бақытжан Ергалиев, Мұқағали Мақатаевтың «Сен менің жанарымның ішіндесің» жырын Ахай Жұмамұратов оқыса, Қадыр Мырзалиевтің «Ана», Қалқаман Сариннің «Қызым менің» туындылары да сәтті шықты. Поэтикалық блок өте әсерлі болды. Себебі, мұнда поэзияны «фортепиано» сүйемелдеді.

«Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол, құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» демекші, Абай Құнанбайұлының «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін театр әртістері қыз бен жігіт болып бөлініп, тебірене оқып, Нұрым Әлжаппар Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін шебер орындады.

«Махаббат үштігі» биін Ақбота Қанат, Балдырған Мағзұр, Бақытжан Ергалиев орындаса, «Тосқа фантазиясы» туындысын прима-кобызда ықшамдап оркестр орындады. Ән, күй, поэзия, би іштей қабысып жатты.

Тілек Аманжол Александр Дюбюктың «Поцелуй же меня, моя душечка» әнін, Сұлтан Серікұлы Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар қайтып барады» әнін шырқады. Ал, Фарух Бегалы виолончель аспабының сүйемелдеуімен «Үйлену» шығармасынан үзінді оқыды.

Оркестрдің сүйемелдеуімен Карлос

әлемінде Темірбек Жүргенов жылы болып жарияланды. Сондай-ақ, ТҮРКСОЙ аясында театр және кино актрисасы Бикен Римованың – 100 жылдығы, жазушы Мағжан Жұмабаевтың – 130 жылдығы, қазақ

ақыны, әдебиеттанушы, жазушы Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығы түркі тілдес елдерде кеңінен аталып өтуде.

Сонымен қатар, биыл Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай ТҮРКСОЙ қолдауымен фильм шығару және оны ұйымға мүше мемлекеттер аумағында көрсету де жоспарланған.

Сондай-ақ, ауқымы кең осынау басқосуға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов және Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Дүйсен Қасейінов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова, Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын Серік Ақсұңқарұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов қатысты.

Шара барысында көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхан жайлы жазылған кітапқа жергілікті басқару билік өкілдері және шараға жиналған зиялы қауым құттықтау сөз айтып, жылы лебіздерін білдірді. Ал, аймақтың өнерпаздары ән-күймен жиналған қауымға жарқын көңіл күй сыйлап, шараның ажарын кіргізді.

Қарақат өнер мектебі эстрада-вокал бөлімінің оқушыларының орындалған ана туралы бірнеше әннен біріккен попуриді де жұрт жылы қабылдады.

Кезек тағы оркестрге келді. Бұл жолы Секен Тұрысбектің «Ақжауын», «Қызыл қайың» күйінің флейтаға ықшамдалған нұсқасын Ольга Абдурахманова орындады. Мұнда дирижер Әбілқайыр Сағынбаевтың шеберлігін атап айту қажет. Өйткені, ортақ үйлесім арқылы көрерменді баурап алу дирижерға көп байланысты.

Ал, облыстық музыкалық комедия театрының әртістері қойған «Песня из кинофильма Оттепель» сахналық қойылымы да жүрек қылын дөп басса, Ақбота Қанаттың «Мама, милая мама» әні үлкен экранда жүріп тұрған аналардың суретімен тіпті әсерлі шықты.

Театрдың тәжірибелі актеры Қайрат Кемалов Оралхан Бөкейдің шығарма-



ғы жетігенмен сүйемелденді. Мұнда да театр әртістері өз шеберлігін паш етті. Жүрсін Ерман, Қалқаман Сариннің өлеңдері жүректерге шуақ сыйлады.

– Кешке келген қонақтар іштей түсінген шығар. Мұнда алдымен Қарағандының бірнеше өнер ұжымы өнер қарашаңырағы Сәкен театрында бірігіп өнер көрсетіп, аруларды қуантты. Ал, театрдың халықтық-симфониялық оркестрінің бастан-аяқ сүйемелдеп отыруы болашақта үлкен шығармашылық жұлдысқа дайындық іспетті. Себебі, театр алдығы уақытта «музыкалық» мәртебесін алып, осы бағытта классикалық туындыларды сахналамақ, – дейді театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жасұлан Орынбасар.

сынан «Апамның астауы» монологын оқығанда жұрт сілтідей тынды. Қобызбен сүйемелденгені жанды баурады. Шығарманың ұлттық реңк беріп, жанын кіргізді.

Әнелі Сағындықова «Асыл әжем» әнін жеріне жеткізе шырқаса, Рысты Рахымжан Ақан Серінің «Маңмаңгерің», «Джундтанның ариясын» орындады. Театр әртістері оқыған «Ана» поэтикалық блогы домбырамен сүйемелденді. «Ата толғауы» күйі жүректерге нәр құйды.

Жиын соңында «Ана туралы жыр» әнін театрдың белді әртісі Дина Зайтова орындады. Кеш Жасұлан Орынбасардың «Нәзік сәуле шуағында» атты өлеңдер топтамасын мәнерлеп оқумен мәресіне жетті. Ерекше кештің әсерінің де бөлек болғаны сөзсіз.

• ТАЭКВОНДО

Бішкектен бес медаль

Бішкек қаласында жекпе-жекпен өткен Азия-Тынық мұхиты сурдочемпионатында еліміздің намысын қорғаған Қарағанды облысының спортшылары толайым табысқа қол жеткізді.

Нақтырақ айтсақ, Аян Әбдіраш 58 келі салмақта турнирдің жеңімпазы атанды. Айжамол Әбдіқатова (57 кг) мен Аида Мақатова (67 кг) өз салмақ дәрежелері бойынша күміс жүлдегер атанса, Нұрдулет Жақып (68 кг) пен Виктор Фрундин (+80 кг) қола жүлдені қанағат етті.

Жеңімпаз бен жүлдегерлер облыстағы мүгедектер спорты мектебінің тәрбиеленушілері.

Айта кету керек, турнир ресми болғандықтан, спортшыларға алдағы Сурдлимпиадаға қатысу үшін рейтингтік ұпайлар берілді.



• ФУТБОЛ

«Ордабасынан» оңбай жеңілді

Қазақстан Премьер-Лигасының екінші турында Қарағандының «Шахтер» футбол клубы өз алаңында Шымкенттің «Ордабасы» командасын қабылдады.

Оңтүстік футболшыларының айқын басымдығымен өткен ойында кеншілер командасы қақпасына төрт гол жіберіп алып, ірі есеппен тізе бүгуге мәжбүр болды.

«Ордабасы» сапынан Сүйімбаев (3), Тағыберген (59), Мбоджи (67) және Умаров (80) гол соқса, «Шахтер» бір доппен ғана жауап бере алды. Атап айтқанда, матчтың 71-минутында шабуылшы Тәттібаев тепкен доп нысанға дөп тиді.

Сонымен, алғашқы екі ойында жеңілген «Шахтер» турнир кестесінде соңынан санағанда «бірінші» орынға тұрақтады. Жерлестеріміз екі гол соғып, өз қақпасына алты бірдей доп жіберіп алды.

• КӘСІПҚОЙ БОКС

Батырымыз бас тартты

Жасы қырыққа келген кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин WBA тұжырымы бойынша чемпиондық атақтан бас тартты. Бұдан бұрын ол IBF чемпиондық белдігін де қайтарып берген болатын.

Сонымен, GGG тұрақты чемпион, кубалық Эрисланди Ларамен жекпе-жекке шықпайтын болды. Бұл тұрасында Головкиннің өкілі Джон Хорнвер WBA ұйымына ресми түрде хабарлады.

«Головкин менен сіздермен байланысып, өзінің шешімі туралы хабарлауымды өтінді. Яғни, ол WBA тұжырымы бойынша орта салмақтағы чемпиондық атақтан бас тарттады», делінген хабарламада.

Еске сала кетсек, қазіргі уақытта Геннадий Головкинде IBO тұжырымы бойынша ғана чемпиондық атақ қалды.



Дайындаған
Қ.ЖАНДЫР

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБАЙ

Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-57-76

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Призерос: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyyk.kz@gmail.com; ortalyyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz508260KZTD2003131,
БИК KСJLКZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№28 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Тигрофин Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ